Потустороннее чувство локтя — это чувство общности с миром статуй, находящимся по ту сторону реальности: в истории, во времени. Болезнь (артрит) переживается не только как физическая боль, но и как переходное духовное состояние. Артрит — болезнь, значительно отягощающая всякое движение, но она же и знак приближающегося перехода в новое качество жизни, уже не здешней — потусторонней. Образ окаменелости — статуи здесь объединяет две коннотации, на которые указывает А.Ранчин. С одной стороны, это смерть и обездвиженность, с другой — пропуск во время, увечковечие собственного имени в истории.

Беседуя с каменным изваянием, лирический герой постоянно меняет темы «разговора». Он то сравнивает себя с собеседником, то рассуждает о близкой смерти, то рассказывает подробности своей жизни. Неровность лирического нарратива очень верно фиксирует «неровность» психологического состояния героя. Кажется, он ищет смысл в неких обрывках мыслей, пытается обосновать и обозначить свое существование и умирание одновременно.

Упоминание гостиницы («В общем, проезде, в гостинице, но не об этом речь») — биографическое. Бродский писал это стихотворение, живя в отеле Квиринале. Факт, конечно, внелитературный, но все же соотносимый с топом рассматриваемого текста. Эмпирический факт в стихотворении обретает новые смыслы. Гостиница — место, которое рано или поздно покинешь, т.е. это жизнь — временное пристанище души (ср. Ахматова А. «Все мы немного у жизни в гостях»). И этот образ опять же противопоставляется вечности, в которой герою предстоит существовать в своей будущности памятника. Последняя строка тоже биографична, Бродский — сердечник и прекрасно понимает, от чего он умрёт. Говоря о ней, Лев Лосев пишет: «Склеротическое кальцинирование сосудов переосмысливается как приобщение к пантеону, где достойные обретают вечную жизнь мраморных статуй» [5].

Следующая строка может вызвать ещё больше вопросов, чем предыдущие. Можно предположить, что в словосочетании «сдавленное «кого мне...» то, от чего зависит прилагательное, намеренно редуцировано, чтоб подчеркнуть смысл слова «сдавленный», который в данном случае будет говорить именно о невозможности говорить, о приближающемся окаменении-смерти. С другой стороны, недосказанность «кого мне...» говорит о невозможности разговора с кем-то из живых, в этом обороте реализуется ещё один инвариантный мотив лирики Бродского — одиночество и отчуждение, которое растёт по мере приближения к окаменению-смерти. Герой в большей степени уже окаменелость, чем человек. Его экзистенциальное «я» полностью находится во власти времени:

*Но ничего не набрать, чтоб звонком извлечь
одушевленную вещь из недр каменоломни.*

В качестве источника для данной фразы А.Ранчин указывает на строки из «Египетской марки» Мандельштама: «С таким же успехом он мог бы позвонить к Прозерпине или к Персефоне, куда телефон ещё не проведён» [3; 27]. Для героя Бродского — это невозможность звонка в царство смерти, где царит окаменение, которому он подвергается.

Но в последних строках стихотворения мотив скорого умирания в должной степени компенсируется достижением экзистенциальной цели поэта:

*Я
знаю, что говорю, сбивая из букв когорту,
чтобы в каре веков вклинилась их свинья!*

Столь яркий финал после почти нейтрального, сбивчивого повествования объясняет главную тему этого лирического высказывания — остаться в вечности через «букв когорту», остаться жить и после физической смерти в тех миллионах строк, написанных при жизни. Именно они и есть тот самый «памятник». Легко заметить, что в данном стихотворении нет горацанского и пушкинского «размаха», обозначения пространства, которое будет помнить и почитать его талант. Единственным предполагаемым топом (имея в виду адресата) является вечный Рим. Герою совершенно чуждо са-

моутверждение через изображение масштабов своего дарования. Ему достаточно остаться во времени. А пространство и при жизни мало определяло его философию. Поэт-изгнанник не может, подобно Горацию, Державину, славить свою родину и приносить ей дары в виде своих стихов.

Творчество, как и в горацианском «памятнике», в поэзии Бродского понимается и воспринимается как то, что может оказать сопротивление разрушительной силе времени. Отсюда и свинья, вклинивающаяся в каре веков, или броня небытия, превращённая в сито с помощью поэзии, из стихотворения «Меня обвиняли во всём, кроме погоды». Если «я» человеческое, телесное (аорта, артрит, полужубок — признаки человека живого и живущего) смертно, то метафизическое «я», «я» поэта, имеет право на вечность. И Бродский не возводит себе памятник — он сам в него превращается, умирая. И главную роль в этом превращении играет не столько сам поэт, который воздвигает нерукотворное изваяние самому себе, сколько время, которое дарует продолжение жизни в пределах каменоломни, среди себе подобных.

Возвращаясь к русскому поэтическому контексту стихотворений-памятников, можно сделать вывод, что отношение к теме собственного поэтического бессмертия претерпевает изменения, что заметно меняет пафос звучания самого текста. Торжественный тон горацианской оды, поддержанный Державиным, уже более умерен в пушкинском стихотворении, драматичен у Есенина и Ахматовой, ироничен у Бродского. При всех вариантах горацианского текста идея о творческом бессмертии остаётся неизменной.

Список литературы

- 1 Кацнельсон И.С. Лирика Древнего Египта. — М.: Худож. лит., 1965. — 164 с.
- 2 Молнар А. Проблематика «искусства» и «искушения» в романе И.А.Гончарова «Обрыв» // Литературоведение XXI века. Тексты и контексты русской литературы. — СПб.; Мюнхен, 2001. — С. 123–135.
- 3 Ранчин А. На пиру Мнемозины. — М.: НЛО, 2001. — 464 с.
- 4 Львов А. О Бродском. Александрийский многочлен. — [ЭР]. Режим доступа: <http://zavtra.ru/denlit/111/31.html>
- 5 Лосев Л. Иосиф Бродский. Опыт литературной биографии. — М.: Мол. гвардия, 2010. — С. 25.

М.Фрешли, Л.М.Харитоновна

Орыс поэтикалық контекстіндегі мәңгілік шығармашылық тақырыбы

Мақалада орыс поэтикалық контекстіндегі дәстүрлі Гораций сарынды ескерткіш тақырыбының орындалуы қарастырылды және оның варианттары айқындалды. Одан бөлек И.Бродскийдің «Корнелий Долабеллеге» деген өлеңі талданды. Зерттеудің нәтижесінде Гораций мәтіні мен Бродскийдің поэтикалық идиостили инварианттарының (мүсін, тас, уақыт) контаминациялары көрініс табады. Авторлар уақыттың күйрету күшіне тек қана шығармашылық қарсылық білдіре алатыны жайлы қорытынды жасады.

M.Freshly, L.M.Kharitonova

The theme of creative immortality in the context of Russian poetry

The authors examine the implementation of traditional Horatio motif of the monument in the context of Russian poetry, identifies its options. Special attention is paid to the poem of I.Brodsky «To Cornelius Dolabella». The study found contamination Horatio text and invariants of the poetic idiosyncrasy Brodsky (statue, stone, time). The authors concluded that only creativity can provide resistance to the destructive power of time.

References

- 1 Katsnelson I.S. *Lyrics Of Ancient Egypt*, Moscow: Hudozhestvennaya literatura, 1965, 164 p.
- 2 Molnar A. *The Literature of the XXI century. The texts and contexts of Russian literature*, Saint Petersburg, Munich, 2001, p. 123–135.
- 3 Ranchin A. *At the feast of Mnemosyne*, Moscow: NLO, 2001, 464 p.
- 4 Lvov A. *Brodsky. Alexandria polynomial*, [ER]. Access mode: <http://zavtra.ru/denlit/111/31.html>
- 5 Losev L. *Joseph Brodsky. The experience of literary biography*, Moscow: Molodaya gvardia, 2010, p. 25.

М.Әбілхақ¹, Ж.Ж.Жарылғапов²¹Минзу университеті, Қытай;²Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: zharylgapov_zhan@mail.ru)**Қазақ прозасының типологиялық мәселелері**

Мақалада қазақ прозасының қалыптасу кезеңіндегі факторлар талданды. Ұлттық прозаның пайда болуындағы шетел әдебиетінің ықпалы, қазақ жазушыларының шетелдік әдебиеттен жасаған аудармаларының ролі қарастырылды. Прозалық шығармаларды аударудың Ы. Алтынсарин мен Ш. Құдайбердіұлы жасаған тәжірибелері мысалға алынды. Проза жанрының жылдам өркендеп кетуіндегі «жедел даму» құбылысының мәні зерттелді. Әлемдік әдебиетте қалыптасқан жанрлық-стильдік ерекшеліктердің қазақ әдебиетіне келіп орнығуы жан-жақты түсіндірілді.

Кілт сөздер: қазақ әдебиеті, қазақ прозасы, проза типологиясы, «әдебиеттің жедел дамуы», әдеби байланыс.

Қазақ әдебиетінде проза жанрының қалыптасып, дамуындағы ұлттық поэтикалық дәстүрдің ролін ешкім жоққа шығара алмайды. Көркем сөз қолданысында өлең сөз жүйесіне бірнеше ғасырлар бойы басымдық беріп келген әдебиетіміз проза жанрының қалыптасуына алғышарттар жасады. Сондай-ақ әдебиеттегі жаңа форманың жетілуіне сыртқы әсер, басқа елдердегі реалистік проза дәстүрінің де орнын ескеруіміз қажет. Сырттан келетін әдеби ықпалдарды сөз еткенде XIX ғасырдың аяғынан бастап ұлттық сөз өнеріндегі шығыстық дәстүр анағұрлым бәсең тартып, XX ғасырдың алғашқы ширегінен бастап әредік қана көзге шалынатын болды.

Қалай десек те, қазақ әдебиетіндегі проза, әсіресе оның эпикалық формалары еуропалық әдебиеттегі дәстүрлерге бағдар ұстанып, ондағы үлгілерді ұлттық көркемдік таным ерекшеліктеріне бағындыра, өз талғамына сай сіңіре алды. Сондықтан батыс елдердің әдебиеттерінде болған әдеби ортақтықтар, әр кезеңде жетекшілік еткен тенденциялар біздің әдебиетімізде сол қалпында қайталанбаса да, көріністері танылып отырады. Бұл елдер әдебиетіндегі әдеби бағыттар мен ағымдар, көркемдік әдістердің пайда болуына негіз болған жағдайдарға ұқсас көріністерді қазақ әдебиетінен де мол ұшыратамыз.

Қазақ әдебиетін зерттеушілер ұлттық проза жанрларының түп негіздерін халық ауыз әдебиетінің мұралары: лиро-эпикалық дастандардан, қиссалар мен аңыздардан, жыраулар шығармашылығының басты жанры — толғаулардан, шежірелерден т.б. іздейді. Мұндай әдістеме қазақ әдебиеттануында әбден орнығып, ол арқылы бірнеше ғылыми жетістіктерге қол жеткізе алдық. Халық мұраларының прозалық үлгілерін қарастырып, оның өзіндік көркемдік-эстетикалық ерекшеліктерін ашқан С. Қасқабасовтың «Қазақтың халық прозасы» (1984), қазақ романының жанрлық тамырларын зерттеуде ежелгі мифтер мен фольклордан бастап жазба әдебиетіне дейін көктей қарастыру жүйесін әкелген Ш.Елеуеновтің «От фольклора до романа-эпопеи» (1987) сияқты монографиялық еңбектері біршама көкейкесті мәселелерді шешіп, ең маңыздысы, бұл тараптағы болашақ ізденіс бағдарларын айқындап берді.

Б. Шалабаевтың «Қазақ прозасының тарихында» (1968) да ұлттық проза жанрларын фольклорлық мұралармен байланыстыруды кездестіреміз. Бірақ аталмыш еңбек прозалық жанрлар эволюциясының бастау көздерін халық шығармашылығы мен поэзияда екенін айтқанымен, жіті теориялық талдауларға бара бермеген. Прозаның халықтық үлгілері делінетін жанрларға үстірт сипаттама берумен шектеледі. Ал әдебиетіміздегі роман сынды жанрдың пайда болуын тек қана орыс әдебиетінің жемісі деп бағалауын қолдау қиын. Сондықтан да болар, ол еңбек өз кезінде біраз сынға ұшырады. Дей тұрғанымызбен, бұл еңбек тың ғылыми проблемаға жол салуымен, қазақ прозасының дәні фольклор мен ауыз әдебиетінде жатқандығын меңзеуімен, зерттеу материалы ретінде қыруар көркем шығармаларды қамтуы жағынан өз уақытының сұранысын біршама ақтай білді деп санаймыз.

Ш. Елеуенов реалистік әдебиетте ауқымды артықшылыққа ие, финалдық жанр деп қарастырылып келе жатқан романның ғылыми типологиясын жасауға, түрлік ерекшеліктерін айғақтауға ден қойды. Ол жанр мәселесін шешуде нақты бір дәуірдегі әдеби үдерістің негізгі ерекшеліктерін танытатын көркемдік құрылымдар типологиясының маңызына тоқталып өткен

болатын. Қазақ романының өзіндік даму заңдылықтарына үнілген зерттеуші осы жанрдың шет елдік, көршілес елдердің ғалымдары негіздеген бірнеше концепцияларға талдаулар жасайды. Сондықтан да ол тұжырымдарды қайталаудың қажеттігі жоқ. Біз үшін маңыздысы — роман жанрының поэтикасындағы бүкіладамзаттық көркемдік даму заңдылықтары мен ұлттық топырақтағы эстетикалық факторлардың тоқайласу шектері. XX ғасыр басындағы адам санасы мен өмірдің күрделенген қайшылықтарына дендеу үшін қазақ әдебиетінің жанрлық репертуарында роман басымдыққа ие болғаны аян. Ш.Елеуенов «Неліктен роман? Неге өлең емес? Неге эпикалық поэма емес? Неге мысал емес?» деген сұрақ қоя отырып, «бүтін бір дәуірдің идеясын бойына сыйғыза алатын, ол дәуірдегі қаһармандық пен күнделікті өмір ағысын, комедиясы мен трагедиясын, саясаты мен философиясын, сол дәуір адамының жан дүниесінің қозғалысы, аңсары мен әрекетін бейнелеуде» романдық форманың үстемдігі қазақ әдебиетінің жаңа, жоғарғы сатысы деп табады [1; 98]. Және қазақ романының пайда болуына басқа әдебиеттерде де кезесетін мынадай нақты жағдайлар себеп болды дейді: «1) Өмірдің өзінде де түбегейлі өзгерістер қажет екенін сезіну пайда болды. 2) Ол қажеттіліктерді таныту үшін әдебиет өз дәуірінің тақырыптарына қарай ұмтылды. 3) Дәуір ұсынған тақырыптарды бейнелеу үшін дәуір мәселелерін тұтастай қамтитын, яғни саясатты да, философияны да, моральды да, психологияны да, қысқасы, адамның немен өмір сүретінін, немен тыныстайтынын түгел біріктіре алатын жаңа баяндау формалары керек еді. 4) Құндылықтарды қайта бағалауда өзінің айрықша мүмкіндігін дәлелдеген жаңа дәуірге лайықты эпос жанры, яғни роман, қажет болды» [1; 108, 109].

Ұлттық топырақта пайда болған әрбір жаңа жанрдың сол ұлт өнерінің даму логикасынан шығарып барып әлемдік көркемдік өріспен сабақтастыру — ең өнікті, әрі дұрыс жол. Ш. Елеуенов еңбегінде қазақ әдебиетіндегі жанрлық-стильдік құрылымдар өзгерісіндегі сыртқы әсерлер, басқа әдебиеттердің орны жоққа шығарылмайды. Әсіресе ғалымның ұлт әдебиетіндегі өмір құбылыстарын бейнелеу ұстанымдары мен дәстүрлі жанрлардың ауқымының кеңеюінде әдеби аударманың ролін өте орынды бағалайды. Расында да, әдебиетімізде сонет, элегия, мысал, романтикалық поэма, шағын эпистолярлық роман сияқты жанрлық формалардың көрініс беруі — қазақ суреткерлерінің ұлттық таным мен талғамды ескере отырып жасаған талантты аудармаларының нәтижесі. Абайдың төл шығармаларымен қатар, аудармалары романдық сюжет, романға тән психологиялық және әлеуметтік талдау қалыптастырудағы орны орасан.

Орыс классикалық мұраларынан бұрын әжептәуір мөлшерде аударылған шығыс поэзиясының туындылары болғанымен, олардың жаңа ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде жанрлық құрылымдар түзудегі ізі бірте-бірте көмескілене бергені де ғалымдар назарынан сырт қалған емес. Мұны ұлттық әдебиеттің еуропалануы деп тануға әсте болмайды. Қайта қазақ әдебиетінің өзіндік заңдылықтарына сәйкес жаңа мазмұндық-формалық ізденістерге бой ұрғаны деп қабылдаған жөн. Жаңа фазаға көтерілген көркемдік таным мен көркемдік ойлау осыны қажетсінді.

Қазақ әдебиеттануында жан-жақты қарастырыла бастаған бұл мәселені идеологиялық талап-шарттардан тыс, еліміз тәуелсіздік алған жылдары зерттеген А. Исмакова еңбегі толымды болып шығуы заңды. Өйткені бұрынғы зерттеулерде ашық талдауға болмаған қазақ романының қарлығашы — «Бақытсыз Жамал» мен Шәкәрімнің өзгеше қырын танытқан «Әділ-Мәриясынсыз», М. Жұмабаевтың классикалық әңгіме жанрының бүкіл шарттары сақталған, прозаның күрделі формаларының қалыптасып кетуіне алабөтен серпін берген «Шолпанның күнасынсыз», Ж. Аймауытовтың әңгімелері, повесі, ұлттық прозаның жаңа эстетикалық сапасы — «Қартқожасы» мен «Ақбілегінсіз» біздегі проза жанрларының даму тенденциясын толық айқындап шығу мүмкін емес еді. Сонымен қатар аталған еңбекте ауыз әдебиеті жанрларының роман құрылымын түзуге қандай компоненттер бере алғандығы, әр жанрдың қандай мазмұндық-түрлік үлес қосқандығы туралы нақты мақсатты көзделген.

Тағы бір айта кетерлігі — қазақ кәсіби прозасы мен романының қалыптасуына орыстың реалистік прозасы, ол арқылы келген батыстық әдебиеттің жоққа шығаруға болмайтын ықпалының қаншалықты деңгейде болғандығына көңіл аударылуы. Зерттеушінің бағамдауынша, «орыстың реалистік романы қазақ ауыз әдебиетінің эпикалық мұраларына дем берушілік роль ғана атқарды. Егер әдебиеттерде жанр дәстүрінің «тектік» және «түрлік» негіздерін жинақтау үдерісі жүріп жатпағанда роман бұлай тез орнығып қаламас еді» [2].

Бұл салада осыншалық ауқымды істер атқарылғанына қарамастан, ұлттық проза жанрларының қалыптасуында басқа да қосымша факторлардың бар екендігі мәселені әрі қарай індете түсуге жетелейді.

Адамзат архаикалық-ұжымдық, фольклорлық-поэтикалық ойлаудан авторлық ойға, жеке сана көріністеріне дейінгі динамикалық даму жолында бірнеше сатылардан өтуі арқылы көркемдік танымның ең күрделі формаларына қол жеткізе алды. Әлемдік әдебиеттің тарихи даму жолында өзіндік орын алатын қазақ әдебиеті де рухани өркендеудің адам баласы жүріп өткен белестерін бағындыра отырып, көркемдік дамудың биік сатысына көтерілді. Барша әдебиеттерге тән ортақ заңдылықтар сырын игере алу мен өзіндік ұлттық ерекшелігін нығайту арқылы көркемдік-идеялық жаңа сапа танытудың жарқын мысалы — XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. XX ғасырда қазақ әдебиетінің эстетикалық құрылымы мен жанрлық жүйелеріне шешуші өзгерістер келді. Әсіресе қуатты қарқын таныта бастаған проза батыл түрде жаңа тәжірибелер жасай берді. Бұл ұлттық прозадағы көркемдік әдістердің күрделенуінен, жаңа әдеби ағымдардың орын тебуінен де айқындалады.

Жер бетіндегі барша халықтардың даму жолы біркелкі еместігі аян. Алғашқы қауымдық құрылыстан неғұрлым күрделі қоғамдық өмір формаларына әр халық түрлі жолдармен, түрлі уақыттарда өтіп отырды. Біреуінде классикалық антика, келесісінде феодалдық дәуір ұзақ уақытқа созылса, біреулері капиталистік формацияға ертерек енді т.б. Тарихи дамудың осы ерекшелігіне сәйкес, ғалымдар арасында талайдан бері пікірталастар тудырып келе жатқан, ұлттық әдебиеттану көп маңыз бере бермеген мынадай мәселелер бой көтереді: ұлттығы мен мемлекеттігі, жазба әдебиетінің пайда болуы әр түрлі хронологиялық кезеңдерде жүзеге асқан халықтардың барлығы антикалықтан модернизмге дейінгі көркемдік даму сатыларынан өтуі міндет пе және мүмкін бе? Көптеген зерттеушілер осындай күрделі сауалдарға жауапты «әдебиеттің жедел дамуы» тұрғысынан қарастыруды ұсынады.

Әдебиеттің жедел дамуының ерекшелігі мұнда ұлт пен халық адамзат мыңжылдықтар бойы жинап-терген, бойына сіңірген немесе ғасырлар бойғы ізденіс пен көркемдік кемелдікке ұмтылысы нәтижесінде жасаған мәдени-рухани айналымға кіріп, бірден араласып кетеді. Осы жерде ұлттық әдебиет өзінің жүріп өткен жолы мен өз тарихында жасалған рухани құндылықтарға қайтадан қайырылып, оларға баға беруге, әлдебір тұтастық ретіндегі адам баласының қол жеткізген қазіргі әлемнің жағдайымен өзінің сәйкесетін, сәйкеспейтін тұстарын салыстыра бажайлауға мүмкіндік алады. Дамудың жаңа сапалық кезеңіне бірден көтерілгенде ұлттық сана ерекше өзгеріске түседі. Оның алдынан әлемнің барша халықтары жинаған қазыналар ашылады. Тек қана руханият саласында ғана емес, ғылым мен техника саласындағы жаңалықтар, материалдық құндылықтар, моральдық-этикалық нормалар, сан түрлі қоғамдық-саяси модельдер т.б. тарихымен бетпе-бет келді.

Қандай да бір ұлттың әдебиеті дүниені көркемдік таным арқылы қабылдау тарихының ұзақ жолында басқа елдердің үздік тәжірибелерін бойына сіңіру арқылы ол халықтар жүріп өткен мәдени-рухани сатылардың ерекшеліктерін қажетінше қабылдайды. Мұнда аударма-шығармалардың атқаратын ролі де орасан. Олай дейтін себебіміз, XIX ғасырдағы аудармалармен бірге бізге әлем классиктерінің ағартушылық-гуманистік, демократияшыл көзқарастарымен қоса, адамзаттың антикалық, ортағасырлық, ренессанстық, жаңа дәуірлік таным-бағыттары келді. Бұл тұрғыда Шығыс, Батыс, орыс мәдениеті және философиясымен байланысы анағұрлым кең түрде көрінетін Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылық өмірбаяны айрықша ілгерішіл құбылыс болды. Шәкәрім Батыс пен Шығыстың дүниетаным негіздерін терең меңгере отырып, ұлттық ерекшеліктерге сай шығыстық, батыстық көркемдік таным формаларын поэтикалық интерпретациялау арқылы қазақ әдебиетіне орнықтыруға күш салды. Ол Гомерді оқуы арқылы ежелгі грек, римдік жәдігерлермен, Байронды зерттеу арқылы романтизм дәуірінің эстетикасын, Абай ықпалымен Гетені тану арқылы жаңа дәуірдің көркемдік ұстанымдарын, А. Пушкин, Л. Толстой сынды әлемге мәшһүр болып үлгерген замандастарының гуманистік идеяларын жаңа сапада қалыптаса бастаған жазба әдебиетінің көркемдік қабаттарына сіңіруге тырысты. Қысқасын айтқанда, Шәкәрімнің көркемдік әлемі — аса қуатты ұлттық негіз бен батыстық, шығыстық мәдениеттердің тоғысындағы күрделі поэтикалық құрылым. Суреткердің көркемдік-философиялық таным қырларын немістің классикалық философиясы, Батыстағы ортағасырлық және Қайта өрлеу әдебиеті, ағартушылары мен романтиктері еңбектері негізінде ақын болып қалыптасқан Гете поэзиясымен үндестіктерді саралай бастауымыз да соның айғағы [3].

Өзіне дейінгі қазақ халқының бай фольклорын, шығыс классиктерінің ең үздік мұраларын, Абай тағылымын жүйелі түрде меңгерген Шәкәрім дін мен ғылымға деген көзқарастарында Батыс ойшылдарының еңбектеріне («Үш анық» трактатында батыс ғалымдарының ондаған есімдері келтіріледі), тіптен мистикалық ілімдерге дейін сүйеніп отырады. Тегінде, ол өмірінің соңғы жылдарын елден аулақтағы саят қорада өткізуі шығармашылықпен айналысудағы жан тыныштығын

ғана іздеп бармаған деген ой келеді. Мысалы, ағылшын романтизмі дәстүрінде пайда болған «Озерная школа» («Көл мектебі») деп аталатын әдеби мектептің үздік өкілдері — Водсфорд, Колридж, Саутилер де ғұмырларын қоғамдық ортадан алыс, табиғат аясында өткізгені мәлім. Ақынның бұл әрекетіне өзі аса ілтипатпен ден қойған Еуропа романтиктерінің әсері болуы мүмкін деген болжам айтпақпыз. Мұндай болжамға негізді біз Еуропадағы романтизмнің ірі өкілдерінің идеялық ұстанымдары мен олар қалыптастырған дәстүрлерден тапқандаймыз. Өйткені Батыс романтиктері күнделікті сұрықсыз өмірге өздерінің қиялындағы идеал өмірді қарсы қойды. Бірте-бірте қоршаған ақиқат өмірдің өзінің идеалындағы өмірге айналмайтынын түсінді. «Сонымен бірге, — дейді К.Ахметов, — романтизмге еркіндікті қорғау, жеке адамды бағалау мен дәріптеу, әр адам бойындағы бірегей қасиеттерге ерекше зейін қоюшылық пен дара адамды дәріптеу тән. Жеке адамды мадақтау буржуазиялық қоғамдағы адамдардың даралық бітімін жоғалта бастаған тарихтың аяусыз қадамына деген қарсылықты, өзін-өзі қорғауға ұмтылушылықты танытады» [4]. Шәкәрім жеке тұлғаның бойындағы ерекше қасиеттерді даралауда, оның қоғамдық дамудағы бөлекше орнын әйгілеуі Абай мен Толстойға арнап жазған шығармаларында айқындалды. Романтиктердің алыстағы елдердің тұрмыс-тіршілігі, салт-санасына деген құштарлығы да, күнделікті күйкі тірліктен асқақ рух пен адамның ішкі ғажайып мүмкіндіктерін биік бағалайтын ерекшеліктері де қазақ ойшылының дүниетанымынан белгілі дәрежеде орын алды.

Ойшыл суреткер шет елдің озық рухани мұраларын мақсатты түрде зерттеп-игеруі, олардағы соны тәжірибелерді ұлттың көркем ой дамуына сәйкестендіре пайдалануға деген ұмтылысы бірнеше аудармалар жасауға мұрындық болып, XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр басындағы әдебиеттің жедел дамуына тың серпіндер берді. Шығыстың «Ләйлі-Мәжнүн», Қожа Хафиздің жырларымен қатар, Л.Толстойдың «Ассирия патшасы Асархадон», «Үш сауал» т.б. әңгімелерін, А.Пушкиннің «Дубровский» мен «Боранын», американ жазушысы Гарриэт Бичер Стоудың «Том ағайдың балағаны» романын аудару арқылы ұлттық әдебиеттің рухани байланыс көкжиегін кеңітті. Суреткердің аудармаларын әдеби-эстетикалық құбылыс ретінде ашып көрсетуге қатысты біршама зерттеулер жазылғандықтан, олардағы тұжырым-пікірлердің ғылыми маңызына тоқталмаймыз. Біздің айтпағымыз, Шәкәрімнің өзге елдердің прозалық шығармаларын аударуға ден қоюы қазақ сөз өнерінің басқа сатысына аяқ басуына, көркемдік таным аясының кеңеюіне аса маңызды бетбұрыс болғандығы. Прозалық шығармаларды аударудың тәжірибесі толық қалыптаспаған кезеңде Ы.Алтынсарин мен Ш.Құдайбердіұлының мұндай қадамдарға баруы, біріншіден, ұлттың тарихи дамуы барысында қалыптасқан жағдайлар мен күрделі құбылыстарды бейнелеуде лайықты пішін іздеуінен. Екіншіден, ұлттық әдебиет өзінің ішкі заңдылықтары негізінде прозаға дейінгі жанрлық түрленудің қажетті сатыларынан өтіп, проза жанрын игеруге дайын жаңа деңгейіне көтерілді. Сондықтан да Шәкәрім аудармаларының тым-тым еркіндігін де әрқилы түсіндіріп келеміз. Б.Әбдіғазыұлы: «Шәкәрімнің аудармашылық өнері өзгеге ұқсай бермейтін, классикалық тәржіма аясынан асып кетіп жататынын», — айтса [5], Ө.Күмісбаев: «... Ш.Құдайбердиев жазған «Дубровский» әңгімесі» Пушкин повесінің аудармасы емес, оның қайта қазақша өлеңмен жырланған формасы, қазақ ортасына лайықталған нұсқасы. Пушкин прозасының өлеңмен берілген түрі, повестің дастанға айналуы», — деген ойын алға тартады [6].

Әрине, Шәкәрім Л.Толстойдан кейбір қысқа әңгімелерді болмаса, А.Пушкиннің «Дубровский», «Боран» сынды күрделі прозалық үлгілерін қара сөзбен аударған жоқ. Бұл шығармалардың кең насихатталуына қазақ ортасында прозаның әлі қарқынды үрдіс алмағандығы жалпыға түсінікті болса керек. Екінші жағынан алып қарағанда, өзінің прозалық төл шығармаларын жазу алдындағы күрделі дайындық кезеңі болғанына дау жоқ. Өйткені оның аудармалары жарық көрген уақытынан әлдеқайда бұрын жазылды. Шәкәрімнің қара сөзбен жазылған тарихи-философиялық трактаттары мен мақалаларынан басқа «Бәйшешек бақшасы» атты қысқа әңгімелер топтамасы, «Шын бақтың айнасы», «Мен жетпіс екі жасқа келгенше» т.б. әңгімелері, «Әділ-Мәрия» романы дәстүрлі Шығыс пен әдеби алмасулар нығайып келе жатқан Еуропа эстетикасының ұлттық топырақта, ұлттық танымға сай синтезделуінен туған өзгеше сипаттағы дүниелер.

Сонымен, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастау алған қазақ әдебиетінің жедел даму фазасына шығуында аударманың тарихи ролі орасан. Абай, Ы.Алтынсарин, Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынов, Б.Өтетілеуов, М.Сералин жасаған аудармалар әлемдік көркемдік таным үрдісінің ұлттық әдебиет өтіп үлгермеген сатыларын жедел түрде меңгеруге, қоғамдық сананың жаңа формаларын тудыруға аса үлкен ықпал жасады. Соның нәтижесінде бірнеше жылдардың ішінде өзіндік жанрлық-эстетикалық талаптарға толық жауап бере алатын қазақтың ұлттық прозасы дүниеге келді.

Бұл тұста қазақ әдебиетіндегі жедел даму құбылысының фольклорлық негіздеріне тоқталып өтпеске болмайды. Ұлттық әдебиет адамзаттың тарихи-мәдени керуенімен қай жерде тоғысады, қай кезеңде кенже қалады, дамудың қай сатыларын жедел өткереді? деген сауалдарға жауап іздеу барысында халықтың поэтикалық-фольклорлық ойлау мәдениеті, ұзақ уақытқа созылған фольклорлық дәуірдің берері көп. Қазақ халқының жазба әдебиеті қалыптасқанға дейінгі кезеңінде қоғамның рухани өмірі, болмысты образдап игеру ерекшеліктері фольклорлық-поэтикалық формада көрініс тапты. Мұнда бір-бірінен ажыратылмаған күйінде халықтың философиялық, құқықтық ожданлық, діни және эстетикалық т.б. көзқарастары тұтасып жүрді. Әдебиеттанушы үшін бұл күрделі үдерістер ішінен, яғни синкреттік шығармашылықтан нақты бір өнер саласы ретінде немесе қоғамдық сананың өзгеше формасы түрінде қабылданатын көркем әдебиетке өту қалай жүзеге асатынын бағамдау басты мақсат болып табылады. Өйткені әдебиеттің жедел дамуы құбылысында фольклор негізгі міндеттердің бірін атқарады. Г.Гачевше негіздесек, «әдебиеттің өтуге тиісті даму сатыларының қызметін фольклор атқарып, мәдениеттегі бос кеңістікті фольклор толтырады» [7]. Кезінде Ш. Уәлихановтың қазақ эпостарының образдары Еуропаның жазба әдебиетінен ешбір кем соқпайтынын айтуы да фольклордың әлемдік көркем ой дамуының жаңашылдықтарын бойына сіңіргіштік қасиетінің тағы бір куәсі болса керек [8].

Адамзат мәдениетінің антикалық дәуіріндегі мифтік таным мен мифологиялық дүниетанымына орай туған көркем дүниелерге ұқсас құбылыстар ежелгі қазақ мифтерінен аңғарылады. Алайда ерте уақыттағы қазақ мифтері ежелгі Греция, Рим, Египет, Үндістан, Қытайдағыдай тұтас жүйеге түсіп, көркемделген мифологияға айнала алған жоқ. «Оның басты себебі — Қазақстанда ертеде мекендеп, қазақты құраған ру-тайпалардың құл иеленуші мемлекет құрмай, рулық қауымнан бірден феодалдық қоғамға иек артуы. Жүйелі иерархиясы, тұрақталған орталығы бар көп жасаған құл иеленуші империяларда көне миф көркем мифологияға айналып, эстетикалық қызмет атқарған. Ал, рулықтан бірден феодализмге көшкен елдерде көпқұдайлы емес, бірқұдайлы дін орнап, көне миф жүйелену емес, қуғынға ұшырап, ыдырап кеткен, циклға түспеген, демек көркем дүниеге бірден айналмай, хикаяға, ертегіге ойысқан, жаңа жанр қалыптастырған. Феодалдық, бірқұдайлық қоғамда көркемдік-эстетикалық функцияны миф емес, фольклордың басқа жанрлары атқарған», — деп жазады С. Қасқабасов [9]. Біздің эпостық жырларымыздағы мифология элементтерінің грек мифологиясынан айырмашылығын ескермеуге болмайды. Ол заманда гректер түгелдей мифологиялық ойлаудың сатысында болды да, біздегі мифология элементтері аталық қоғамдық сананың жемісі — көбіне адам түрінде, антропология тұрғысында болып келді. Сонда да қазақ халқын құраған ру-тайпалардың табиғаттағы дүниенің барлығын бір деңгейден қараған мифологиялық дүниетанымы адамзат мәдениеті тарихының синкретті сатысымен үндестіктерге алып келді.

Қазақ прозасының қалыптасуын, оның аз уақыт ішінде әлемдік деңгейге көтеріліп үлгергенін де жедел дамудың нәтижесі деп танимыз. Іргелі елдердің рухани-мәдени тәжірибелерін сығымдалған түрде ұлттық өнерге сіңіру олардағы ірі-ірі әдеби бағыттардың, ағымдардың, әдістердің, стильдердің келуіне себеп болды. «Басқа әдебиеттер үшін өлеңдік поэзиядан қазіргі романға дейінгі қашықтық аса алшақ болса, Абайдың жолынан «Абай жолына» дейін қазақ әдебиеті бар жоғы жарты-ақ ғасырда жетті», — деп жазады Н.И.Конрад [10]. Сондықтан әдеби құбылыстарды тексергенде оларды дәстүр аясында жетілген ұлттық факт тұрғысынан және әлемдік көркемдік дамуға қатысы тұрғысынан да салмақтап отыру маңызды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Елеуенов Ш. От фольклора до роман-эпопеи (Идейно-эстетическое и жанровое своеобразие казахского романа). — Алма-Ата: Жазушы, 1987. — 352 с.
- 2 Исмакова А.С. Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль (начало XX века и современность). — Алматы: Ғылым, 1998. — С. 18.
- 3 Сейсененова А.Б. Шәкәрім және Гете: поэзиядағы көркемдік таным үндестігі: филол. ғыл. канд. ... автореф. — Семей, 2004. — 34 б.
- 4 Ахметов К. Әдебиеттану әліппесі. — Алматы: ҚАЗАҚПАРАТ, 2000. — 148, 149-б.
- 5 Әбдіғазизұлы Б. Шәкәрім шығармашылығының дәстүрлік және көркемдік негіздері. — Алматы: Кенже-Пресс, 2000. — 174-б.
- 6 Күмісбаев Ө. Терең тамырлар. — Алматы: Ғылым, 1994. — 234-б.
- 7 Гачев Г.Д. Неминуемое. Ускоренное развитие литературы. — М.: Худож. лит, 1989. — С. 401, 402.
- 8 Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалар. — Алматы: Жазушы, 1985. — 162–168-б.
- 9 Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. — Алматы: Ғылым, 1984. — 93-б.
- 10 Конрад Н.И. О некоторых вопросах истории мировой литературы // Запад и Восток. — М.: Наука, 1972. — С. 293.

М.Абилхак, Ж.Ж.Жарылғапов

Проблемы типологии в казахской прозе

В статье рассмотрены факторы периода становления казахской прозы. Исследовано влияние зарубежной литературы на творчество казахских писателей. В качестве примера приведены литературные переводы И.Алтынсарина и Ш.Кудайбердиева. Проанализирована роль понятия «ускоренное развитие», которое ускорило процесс расцвета жанра «проза». Всесторонне объяснены жанрово-стилистические особенности мировой литературы, которые прижились в казахской литературе.

M.Abilkhak, Zh.Zh.Zharylgapov

Problems of typology in the Kazakh prose

In article considered are factors of the period of formation of the Kazakh prose. Influence foreign writers on works of the Kazakh writers is investigated. I.Altynsarin and Sh. Kudayberdiyev's literary translations are given as an example. The role of the concept «the accelerated Development» which accelerated process of blossoming of a genre prose is analyzed. Comprehensively genre and stylistic features of the world literature which got accustomed in the Kazakh literature.

References

- 1 Eleukenov Sh. *From folklore to the epic novel. (Ideological and aesthetic and genre originality of the Kazakh novel)*, Alma-Ata: Zhazushy, 1987, 352 p.
- 2 Ismakova A.S. *Kazakh fiction. Poetics, genre, style (the beginning of the twentieth century and the present)*, Almaty: Gylm, 1998, p. 18.
- 3 Seysekenova A.B. *Shakarim and Goethe: beauty accord of knowledge of poetry*: Candidate of Philology ... abstract, Semey, 2004, 34 p.
- 4 Akhmetov K. *Alphabet literary criticism*, Almaty: KAZakparat, 2000, p. 148, 149.
- 5 Abdigaziuly B. *Traditional and colourful bases of creativity Shakarim*, Almaty: Kenzhe-Press, 2000, p. 174.
- 6 Kumisbayev O. *Deeply roots*, Almaty: Gylm, 1994, p. 234.
- 7 Gachev G.D. *Neminuyemoye. The accelerated development of literature*, Moscow: Khudozheztvannaya literatyra, 1989, p. 401, 402.
- 8 Ualikhanov Sh. *Favourites*, Almaty: Zhazushy, 1985, p. 162–168.
- 9 Kaskabasov S. *Kazakh national prose*, Almaty: Gylm, 1984, p. 93.
- 10 Conrad N.I. *West and East*, Moscow: Nauka, 1972, p. 293.

С.Ысқақұлы¹, С.У.Такиров²

¹Іле педагогикалық университеті, Қытай;

²Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: sarzhan68@mail.ru)

Сюжет және нарратив теориясы

Мақалада әдебиет теориясындағы өзекті мәселелерінің бірі — көркем нарративтің орны қарастырылды. Сонымен қатар авторлар негізгі теориялық түсініктер мен әр түрлі көзқарастардың оқиғаға қатысын сөз ете отырып, көркем мәтін мен нарративтің сюжетті дамытудағы орнын талдап көрсетті.

Кілт сөздер: нарратив, нарратология, проза, сюжет, стиль, фабула.

Қазақ прозасы тереңдеген сайын құнарлана, құнарланған сайын күрделене, күрделенген сайын әлемдік деңгейдегі жаңашылдықтар, жаңа ізденістер бой көтерді. XX ғасырдың соңы мен XXI басында қоғамдық өзгерістерге байланысты әдеби процесте де көптеген өзгерістер пайда болды. Сондықтан да қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымыда прозаның күрделі мәселесінің бірі сюжет, нарративке көңіл аударуда.

Нарратология, нарратив теориясы, баяндау теориясы, жалпы алғанда, баяндауды зерттейтін ғылыми пән. Нарратология әр түрлі нарративтің жалпы белгілерінің көрінуін, олардың арасындағы айырмашылықтарды айқындау, нарративтің пайда болуымен дамуы заңдылықтарын бір жүйеге келтіруді мақсат етеді. Сондықтан да нарратология екіге бөлінеді:

1) классикалық (бұл жағдайда нарративтіліктің белгісі ретінде нарратордың қатысуы жатады);

2) құрылымдық (бұл жағдайда нарративтілік баяндалатын мәтінге қарама-қарсы уақыттың дамуы бойынша анықталады).

Сонымен қатар нарратологиядағы әдеби мәтінді екі түрлі жолмен қарастыруға болады:

– баяндалатын оқиға (мазмұн) арқылы;

– хабарлау ретінде (көрініс).

Осы диахрония негізінде нарратологияның басқа да түсініктері пайда болады: фикционалдылығы (жасандылығы, ойдан шығару) және фактуалдылығы (бар болуы, іс жүзіне асыру), нарратор (баяндаушы) типтері, баяндау инстанциясының иерархиясы, сатысы (шынайы және абстрактілі автор, нарратор, идеалды және нақты оқырман, оқырман бейнесі), автор бейнесі (баяндаушыны бөліп ажырату немесе оқырманмен тілдесу және ойнау мақсатында баяндаушы-кейіпкердің жеке мінез-құлқы мен биографиялық белгілерін айшықтау) және т.б.

Көркем мәтіндегі баяндау терминін сөздердің барлық типтерінің (баяндау, бейнелеу, әңгімелеу) жиынтығы ретінде түсіну қажет.

Баяндау — белгілі бір әңгімелеушінің немесе баяндаушының (дыбыс шығаратын) сөйлеу актісі. Оның негізгі белгілері, ерекшеліктері:

а) шығарманың туу деңгейі бойынша: әңгімелеуші көбінесе бір уақытта қаһарман болып туындағы оқиғаларды көзімен көруші және тіпті автордың образы болып көрінеді (қаһарман-әңгімелеуші, автор-әңгімелеуші); жеке хабарлаушы көрсетілмейді; абстрактылы, оның ішінде хабарлау қызметін атқарады;

ә) жеке көзқарастың болуы немесе болмауы: баяндаушы — жасаушы-автордың (автор-творец) көзқарасына жақын көзқарас, алайда үнемі онымен сәйкес келе бермейді; кейде баяндаушының көзқарасы болмаған жағдайда жасаушы-автордың идеяларымен толықтырылады; әңгімелеуші — шығармада дара, эмоционалды бағалау позициясын иемденеді (обладает), кейіпкерлердің өзіндік көзқарасына жақын, автор-жасаушының позициясынан жеңіл ажыратуға болады;

б) тілдік көркемдеуішімен: әңгімелеуші үнемі мен-баяндаушы формасымен көрінеді (мен оған таңертең келдім); бағалау, эмоциялы сөздерді қолданумен, әңгімедегі оқиға барысына көңіл аудару, стильді әңгіме арқылы азайту; баяндаушы бұл жағдайда бейтарап: мен жіктеу есімдігімен көрсетілмеген, сөзді қолданудың оқиғалар мен кейіпкерлерді тура бағалауға әсер етпейтін кейіпкер әлеміне және пәндік әлемге қатысы бар; нысаналы көріністерді, бейнелерді (объектные изображения) есепке алмағанда стильдің төменділігінің жоқтығы; баяндаушының тілі нағыз, шын (реальный) автордың тіліне өте жақындығы;

в) жақындығы немесе нағыз автордан алшақтығы бойынша: әңгімелеуші көбінесе (биографиялық) шын автордан үнемі ерекшеленеді: әлеуметтік деңгейлермен, әңгімелеуші көбінесе (бейресми) маргинальді, өзінің моральды және мәдени бейнесін көрсету мақсатында, сонымен қатар оқырманмен ойын (игры) мақсатында (ирония, өзіндік ирония, юмор, комика) шын автордан демонстративті түрде ерекшеленеді; баяндаушы шын-авторға және шығарушы-авторға (автор-творец), алайда ол да әңгімелеуші сияқты бөгде инстанцияны ұстағандықтан, сәйкес келе бермейді; көбінесе бұл жақындық баяндаушының бейтарап позициясына негізделген;

г) жанға жататындығы бойынша, баяндаудың формаларымен жанрдың әр түрлілігі бойынша: әңгімелеуші баян студия жеткізу формаларында, әңгімелерде, новеллаларда, повестерде, романдарда, роман-эпопеяларда, эпостық, лирикалық және лироэпостық жанрларда (жанрлы-композициялы форма) көрінеді; баяндаушы баян студия тек жеткізу формасынан басқа жоғарыда аталған жанрлардың бәрінде көрінеді.

Нарратология автордың проблемасымен және авторлық сәйкестікпен, ұқсастықпен (идентичность) тығыз байланысты, әрине, бұл мәселелер бүгінгі күнге дейін әдебиет теориясы тұрғысынан талқылануда.

Қазіргі кездегі нарратология — кейбір фабулалармен (тарихымен, интригасымен) қатысы бар сюжетті-баяндаушы талқылау (дискурсты) аясында ғылыми ізденістің кеңінен қолданылуы. Бұл орайда көркем мәтін жөнінде ғана сөз боп жатқан жоқ екендігін, тіпті вербальды, мәтіндер жөнінде де сөз қозғалып отырмағандығын айта кеткен жөн. Тарихшы, философ, мәдениет саласының өкілдерінің еңбегі нәтижесінде нарративті категория кеңінен қолданылып, қолданылу аясы толықтырылып, байыды. Қазіргі кездегі нарратология зерттеулер бағытында және көптеген еңбек сіңірген философ Поль Рикерді, тарихшы Хайден Уайтты, әдебиеттанушы Вольф Шмидті атауға болады.

Көбінесе «нарративтілік» категориясын әр түрлі түсіндіруге болады. Тарихтану аясында нарратологиялық экспансияның басында тұрған Артур Данто нарративтілікті өткен шақтың ашық райының «хабарлы сөйлемімен» байланыстырады. Қазіргі кездегі нарратологияның классигі аталған Х.Уайт «нарративті құрылым» түсінігін интригамен байланыстырып, мағынасын анағұрлым аша түсті (оның ішінде — тарихтану дискурстың): «Интриганы құру тарихи мағынасына көңіл аударудан тұрады» оны құрайтын «біртұтас, жалпыны қамтитын немесе архетиптік формадағы» оқиғаларды хабарлап біріктіру жолымен. Нәтижесінде, А.Ж.Грейдаспен және Ж.Курте былайша кең ұғымды түсінік ұсынды: «Кез келген дискурсті тек фигуративті ғана емес, сонымен қатар ұйымдастыру принципі» ретінде анықтау.

М.М.Бахтин: «Алдымызда екі оқиға, — деп жазды, — шығармада айтылған, әңгімеленген оқиға (бұл жағдайда өзіміз де тыңдарман-оқырман ретінде қатысамыз); оқиғалар әр түрлі уақытта болып жатыр (әр түрлілігі және ұзақтығы бойынша) және әр түрлі жерлерде, сонымен қатар олар үздіксіз біртұтас боп біріккен, алайда күрделі оқиғаларда оқиғаның толықтығының шығармасы ретінде көрсетуге болады. Біз бұл толық оқиғаны бүтіндігі мен бөлінбейтіндігінен деп қабылдаймыз, бірақ біруақтылы оның сәттерінің әр түрлі екендігін түсінеміз.»

М.М.Бахтиннің келтірген пайымдауы жетпісінші жылдардың бас кезі болатын. Осы кезде Батыс Еуропада қазіргі нарратологияға арналған Л.Долежал, Ж.Женнет, Дж.Принс, В.Шмид сияқты классиктердің еңбектері жарық көре бастады. 1972 ж. Жерар Женнет «Нарративті дискурс» кітабында былай деп жазды: «Баяндау, әңгімелеу дискурстық баяндау болмауының жоктығынан белгілі бір тарихты әңгімелеу үшін қолданылуы мүмкін. Нарратив ретінде баяндау мазмұнадалатын тарихқа байланысты болады (әңгімеленетін оқиға); дискурс ретінде (әңгімелеу оқиғасы) ол оны туғызатын наррациямен байланысты пайда болады».

Нарратологияның ортаңғы мәселесі, А.С.Дантоның сөзімен, былайша тұжырымдалған: «Кез келген әңгіме — оқиғалардың бір-бірімен байланысты және олардың кейбірінің жеткіліксіз мәнді екендігін көрсететін құрылым».

Кэте Фридеманнан кейін былай деуге болады: нарративтілік түсінігі «гносеологиялық тұжырымдарды қабылдаған Канттық философияға» негізделеді, яғни біз әлемді сол күйінде, бәз қалпында емес, ақыл-ой елегінен өткізу арқылы ғана түсінеміз. Оқиғалар жөнінде толықтай дұрыс білу мүмкін емес. Оқиға мен ақыл-ой арасында мазмұнадаудың коммуникативті ортасын сындыратын, бөлетін вербализацияның коммуникативті актісінің призмасы үнемі болады (тіпті жаңа ғана пайда болған ойдың өзінде де).

Оқиғалардың мәтінтүзушілігінің коммуникативті табиғатын зерттейтін пәннің ғылыми деңгейін нақтылау үшін нарратологиялық поэтикамен және риторикамен байланысын анықтап алу қажет.

Нарратология — баяндау теориясы, әдебиеттанудың бір саласы ретінде немесе мүмкін болатын барлық «нарративтің» жалпы құрылымын ашуға ұмтылатын, яғни кез келген жанрдың және кез келген функционалдылықтың баяндалатын шығармаларды ашуға ұмтылатын ерекше жалпы гуманитарлық пән ретінде қарастырылады (В.Шмид).

Қазіргі кездегі нарратология 1960 жылғы құрылымдаудан (структуризация) туындады, алайда оның негіздері 1920 жж. орыс формалистерінің (В.Шкловский, Б.Томашевский, В.Пропп, Б.Эйхенбаум), сонымен қатар М.Бахтиннің жұмыстарында да көрінді. Нарратологияның ірі өкілдері болып Р.Барт, Л.Долежал, Ж.Женнет, М.Баль, В.Шмид, Дж.Принс, С.Чэман, Ю.Мюзарра-Шредер, Я.Линтвельт, М.-Л.Райан, кейіннен Р.Барт, Ю.Кристева, М.Л.Пратт, М.Риффатерр, П.Ван ден Хевель, Ж.Курте және тағы басқалар саналады.

Қазіргі кезде нарратологтар өз назарларын мына фактіге аударады: әдеби шығарма сюжетпен шектелмейді. Егер ескі пікірге сүйенетін болсақ, онда орыс формалистерінің анықтауы бойынша, әңгімеде не айтылса, соны фабула дейді. Ал сюжет сол әңгіменің қалай айтылатыны туралы болмақ. Сюжет жайлы осы түсінік ешкімді қанағаттандырмады. Осыдан барып екі аспект белгіленді: біріншіден, әңгімелеудің формалды құрылымы, әңгімеленіп отырған оқиғаларды жеткізу барысы, фактіні мазмұндау, оқиғалардың себебі, байланысы, уақыт, кеңістік, кейіпкерлер. Екіншіден, оқырман мен жазушы арасындағы көзқарас бойынша формалды құрылымды жеткізу әдісі. Бұл бойынша, әдеби шығармаға үңіле отырып, оның ішінен оқырман мен жазушының формальды белгісін іздеу керек [1; 300].

Ал енді нарратологтардың көзқарасы бойынша, «сюжет деген не?», соған тоқталайық. Қазіргі әдебиеттану ғылымында классикалық және құрылымдық талдау әдісінен басқа, сюжетті талдаудың тағы бір әдісі бар. Оны нарратологиялық талдау деп атайды, яғни, баяндау арқылы жүзеге асатын әдіс түрі. Бұл әдістің классикалық және құрылымдық талдау әдістерінен артықшылығы — бұнда мәтін көпдеңгейлі жүйе ретінде қарастырылады.

Әдебиет зерттеушісі Ю.М.Лотман сюжеттің тұжырымдамасын жасады. Ол сюжеттің екі негізгі түрін ажыратып берді: классикалық және мифологиялық. Ю.М.Лотманның шығарманы талдау әдісінде «рамка» (жиек, жол, шекара) деп аталатын негізгі түсінік бар. Міне, осы бойынша, классикалық сюжет біреудің рамканы бұзған сәтінен басталады. Лотманның тілімен айтсақ, мәтіндегі оқиға кейіпкерлердің мағыналық ая шекарасынан асып кетуінен болады.

Лотман сюжетті талдау барысында екі нәрсені дұрыс түсіну керектігін айтады: «Рамка» басында қалай болып еді? Және ол «рамканы» кім бұзды? Рамканың өзі экспозициядан (шығарманың болатын орнынан) басталады. Осыдан соң рамканың бұзылуы оқиғаның басталуына алып келеді.

Ал мифологиялық сюжеттің негізінде рамканың бұзылуы емес, оқиға жатыр. Мифологиялық сюжетте рамканың бұзылуы ешқашан іске аспайды [1; 310].

Сюжет және фабула терминдері нарратив сатыларының құрамына кіреді. Фабула дегеніміз — оқиғалардың реттілігі, оқиғалардың шын мәнінде болғандығы. Сюжет дегеніміз — оқиғалар туралы мәтінде айтылғандардың бәрі, яғни, оқиғаны оқырманның қалай білгендігі. Оқырманның шығармадағы оқиғаларды біле бастауы, фабуладағы реттілікпен сәйкес келмейді.

Қазіргі уақытта сюжет термині туралы көптеген зерттеулер Хейден Уайт пен Поль Рикердің еңбектерінде жан-жақты сарапталған. Сондай-ақ әдебиет зерттеушісі Ю.Лотман сюжет туралы мынадай жақсы пікір айтады: «Мәтінде оқиға болған күннің өзінде, сюжетсіз ол еш нәрсе емес. Мәтіндегі оқиғаларға жан бітіру үшін, міндетті түрде сюжет қажет». Осы айтылған пікірмен келісуге болады деп ойлаймын. Себебі, сюжетсіз оқиға шығарманы толық ашып көрсете алмайды. Сюжетті шығарманың негізі деп қарастырады. Сол себепті көркем шығармада сюжеттің орны бір төбе деп айта аламын. Оған жоғарыда айтқан зерттеушілердің пікірі дәлел бола алады [2].

Зерттеуге алынып отырған мәселеміз сюжетке қатысты болғандықтан, сюжетке берілген анықтамаларға тоқталып өткен жөн. Әдебиет зерттеушісі Зейнолла Қабдоловтың «Сөз өнері» кітабында сюжетке мынадай анықтама берілген: «Сюжет (фр. *sujet* — зат) — көркем шығарманың мазмұнын ашып, мазмұнды пішінге көшірудің негізгі түрі немесе тәсілі». М.Горький болса, «сюжет дегеніміз — адамдардың өзара қарым-қатысы, байланысы, қайшылықтары, жек көру, жақсы көру, әр характердің, типтің өсу, жасалу тарихы», деп біледі [3]. Ал Қазақ әдебиеті энциклопедиялық анықтамалығында Зәки Ахметов сюжетті былай деп таниды: «Сюжет (фр. *sujet* — зат) — өзара жалғасқан оқиғалардың тізбегі, біртұтас желісі» [4]. Сюжет мәселесі нарратологтардың тарапынан қалай зерттелген күннің өзінде, ол өзінің бастапқы ұғымын сақтап қалады деп ойлаймыз.

Әдебиет зерттеушілерінің нарратология туралы жүргізген талдаулары арқылы, әдебиеттану ғылымында нарратологияның алып жатқан аумағы өте кең екенін байқаймыз.

Нарратология аумағының кеңдігін мынамен түсіндіре аламыз: әдебиеттану ғылымында фабула, сюжет, мотив деген түсініктер бар. Нарратологтардың айтуынша, бұл түсініктердің қамтитын аумағы нарратив қамтитын аумақтан асып түсе алмайды. Бұлардың басын біріктіріп, бір жүйеге келтіру үшін оқиға және баяндау түсініктерінің көмегіне жүгіну керек. Яғни фабуланы да, сюжетті де, мотивті де нарратив жүйесіне салып барып қана талдай аламыз.

Нарратив жүйесін зерттейтін ілім — нарратология. Біз қарастырып отырған нарратологияда мынадай категориялар қарастырылады: оқиға, сюжет, фабула, тарих, әңгімелеу сатысы, әңгімелеу түрі, айтушы мен айтылымның арақатынасы, автор мен нарратор (әңгімелеуші), автордың, кейіпкердің, оқырманның көзқарасы, нарративті деңгейлер, әдістер т.б. [5].

Нарратологияның қарастыратын мәселелері қатарына мыналар жатады: әдебиеттің табиғатын коммуникативті түсіну; бір мезгілде бірнеше әңгімелеу деңгейінің болуы; дискурс мәселесіне қызығушылық білдіру; әдеби ақпаратты жазушыдан оқырманға жеткізу. Әдебиеттің коммуникативті табиғаты мыналарды қамтиды: ақпарат жіберуші (әдеби шығарманың авторы), хабарлама, коммуникат (әдеби мәтін), хабарламаны алушы (оқырман), әдеби мәтіннің характері. Әр әдеби шығарманың негізінде оқырман мен жазушы арасында диалогтық қарым-қатынас болады.

Нарратив түсінігін ашу барысында ғалымдар арасында айтылған пікірлер өте көп. Нарратив туралы орыс жазушысы Е.А.Попов мынадай тұжырым жасайды: «Нарратив — бұл адамдар және адамдар арқылы болатын оқиғалар жүйесінде сөйлеуші арқылы құрылған мәтін».

Тағы бір орыс зерттеушісі М.М.Бахтин былай жазады: «Біздің алдымызда екі оқиға бар. Біріншісі, шығармадағы айтылып жатқан оқиғаның өзі, яғни оқырман ретінде шығарманы оқи отырып, бұл оқиғаға біз де қатыса аламыз; екіншісі, оқиғалар әр түрлі уақытта болады, сонымен қоса әр түрлі жерде өтеді және сол уақыттарда олар тұтасымен тығыз байланыста болады [6].

Сонымен, нарратив туралы айтылған пікірлерді жинақтап, мынадай тұжырымға келіп тоқтаймыз: нарратив (лат. *narrare* — әңгімелеу тілі) — әңгіме, оқиғаларды баяндау. Көбінесе, әңгімелеу және сюжет деген сөздердің орнына қолданылады. Әдебиеттануға кіріспеде нарратив термині екі түрлі түсінікте қарастырылады. Біріншісі әңгімелеудің классикалық теориясында пайда болған. Бұл термин неміс теориясында нарратология емес, әңгімелеу теориясы деп аталған. Шығарманы баяндауда мәтінмен тығыз байланысты адам — әңгімелеуші болып саналады. Классикалық теорияда әңгімелеудің негізгі белгісі — автор мен әңгімелеуші арасындағы байланыс. Әңгімелеудің маңызы нарратордың әңгімені дұрыс қабылдап, оны оқырманға жеткізуінде жатыр. Нарратордың қатысуымен әңгімелеудің ерекшелігі анықталады. Нарратив туралы екінші түсінік құрылымдық нарратологияда қалыптасты. Осы тұжырымдама бойынша, әңгімелеуде коммуникацияның құрылымдық белгісі ғана емес, сонымен қатар айтылып жатқан әңгіменің құрылымдық белгісі де шешуші рөл атқарады. Құрылымдық талдау бойынша нарратология аумағына шығарманың барлық түрі кіреді. Яғни, нарратив аумағына роман, повесть, әңгіме ғана емес, сонымен қатар пьеса, балет, мүсін өнері, сурет өнері, кинофильм жатады. Керісінше, нарратив қамтитын аумаққа мыналар кірмейді: әлеуметтік ортаның бейнеленуі, аяқталмаған оқиға, салынып жатқан сурет, өткенді қайталау [7].

Көркем шығарманы баяндауда ең негізгі функцияны атқарушы нарратор болып табылады. Нарратор (ағылш. *narrator*) — әңгімеші, әңгімені баяндаушы. Сонымен қоса нақтылы автор деген мағына береді. Бұл — нарратологияның бір категориясы.

Өз уақытында В.Кайзер нарратор туралы мынадай тұжырымдама жасаған: «Әңгімелеуші — тұтас әдеби шығармаға жататын жасалынған фигура. Әңгімелеу өнерінде нарратор автор бола алмайды». Кейіннен француз әдебиет зерттеушісі Р.Барт мынадай догмаға келді: «Нарратор мен кейіпкерлер — қағаздағы тірі жандар. Әңгіменің авторын әңгімелеушімен шатастырмау керек». Ал С.Чэтман болса, кейінгі кезде «нарратив» терминінің орнына, ноннаратор қызмет атқаратын «ноннарратив» терминін қолдану керек екенін айтты. Француз зерттеушілерінің айтуынша, шығарманы баяндау барысында, міндетті түрде біреу шығарманың баяндаушы ролін атқарады. Осы пікірмен келісе отырып, швейцарлық зерттеуші М.Л.Рьян әңгімені жеткізу қабілеті тек нарраторға ғана тән деп есептеп, әр мәтінде міндетті түрде нарратор болуы керек деп санайды [7; 141].

Қорыта айтқанда, әдебиет зерттеушілерінің жүргізген талдаулары арқылы нарратология саласының күрделі құрылым екенін аңғардық. Сондықтан да қазіргі кезде бұл саланы зерттеу барысында көптеген даулы мәселелер, түрлі пікірлер айтылуда әрі оның шешілу жолдары қарастырылуда. Бұдан шығатын қорытынды: нарратология мәселесі әлі де көп зерттеуді қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Тюпа В.И. Анализ художественного текста. — М.: Академия, 2009. — 332 с.
- 2 Шмид В. Нарратология. — М.: Языки славянской культуры, 2008. — С. 19.
- 3 Қабдолов З. Сөз өнері. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 1992. — 170-б.
- 4 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. — Алматы: Ана тілі, 1996. — 311-б.
- 5 Брокмейер Й., Харре Р. Нарратив: проблемы и обещания одной альтернативной парадигмы // Вопросы философии. — 2000. — Вып. 4. — С. 17.
- 6 Рикер П. Время и рассказ. — Т. 1. Интрига и исторический рассказ. — М.; СПб.: Университетская книга, 1998. — С. 84.
- 7 Лебедев С.Ю. Повествование и нарратив: принципиальное различие. — Алматы: Ұлағат; КазНПУ им. Абая, 2012.

С.Искакулы, С.У.Такиров

Теория сюжета и нарратива

В статье рассмотрена проблема центральных понятий теории художественного нарратива. Авторы анализируют различные взгляды на событие, останавливаются на особенностях концептуализации события в художественном тексте и приходят к выводу, что событие представляет собой ключевое звено при анализе художественного нарратива.

S.Iskakuly, S.U.Takirov

Theory of plot and narrative

In this article considered problem of the central concepts in the theory of fictional narrative. The authors studies various views on the event, considers the peculiarities of its conceptualization in the fictional text and comes to the conclusion that the event presents the key element in the analysis of the fictional narrative.

References

- 1 Tyupa V.I. *Analysis of the art text*, Moscow: Akademiya, 2009, p. 332.
- 2 Schmid V. *Narratologiya*, Moscow: Languages of Slavic culture, 2008, p. 19.
- 3 Kabdолоv Z. *Art word*, Almaty: Kazakh university publ., 1992, p. 170.
- 4 *Dictionary of terms of literary criticism*, Almaty: Ana tyly, 1996, p. 311.
- 5 Brokmeyer Y., Harre R. *Philosophy Questions*, 2000, 4, p. 17.
- 6 Rikyor P. *Vremya and story*, 1: Intrigue and historical story, Moscow; Saint Petersburg: University book, 1998, p. 84.
- 7 Lebedev, S.Yu. *Narration and narrative: basic distinction*, Almaty: Ulagat; KazNPU of Abay, 2012.

Р.С.Каренов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: rkarenov@inbox.ru)*

Қазақ әдебиеті төлбасыларының бірі – Қазтуған жырау Сүйінішұлы

Мақалада XV ғасырдың көрнекті ақын-жырауы Қазтуған жыраудың өмірі мен қызметі баяндалған. Қазтуған дарынды ақын ғана емес, сондай-ақ ірі әскери қолбасшы және өз заманының саяси қайраткері болғандығы айтылған. Ақынның өмір сүрген кездегі барлық маңызды саяси оқиғалар көрініс тапқан оның әдеби шығармаларына кеңінен баға берілген. Қазтуғанның шығармашылық мұрасы отандық поэзияның қалыптасуы мен дамуы үшін үлкен маңызға ие болғаны, оның ақын-жыраулардың кейінгі буыны үшін шешен сөздің үлгісі болғандығы көрсетілген.

Кілт сөздер: жырау, мұра, мекендер, толғаулар, нақыл, мақал-мәтелдер, туған жер, күй, поэзия.

Кіріспе

Жаңаша жыл санауға дейін-ақ ірге бекітіп, қуатты мемлекетке айналып үлгерген сақ, ғұн, үйсін, қаңлы елдері, VI–VIII ғасырлардағы Түрік, Түргеш, Қарлық қағанаттары, VIII–IX ғасырлардағы оғыз, қыпшақ, қарахан дәулеттері, XI–XIV ғасырлардағы Алтын Орда ұлысына ұласты. Ұлы дала төсіндегі алып империялардың сынығы — Алтын Орда хандығы есеңгіреп, ыдырап, ақыр аяғында бірнеше хандықтарға бөлініп кетті. Ағайынның арасына алауыздық кіріп, бүтін халық екі жартыға бөлінді. Бір ата, бір анадан туғандар жылап айырылысты. Қарға бойлы Қазтуғанның [1; 14]:

*Ботташығы бұзаудай,
Боз сазаны тоқтыдай,
Балығы тайдай тулаған,
Бақасы қойдай шулаған,
Шырмауығы шөккен түіе таптырмас,
Балығы көлге жылқы жаптырмас,
Бақасы мен шаяны
Кежідегі адамға
Түн ұйқысын таптырмас.
Қайран менің Еділім,
Мен салмадым, сен салдың,
Қайырлы болсын сіздерге
Менен қалған мынау Еділ жұрт!... –*

деп еңірейтіні осы тұс.

Қай кезде де ел басына үйірілген бұлт оның әйгілі тұлғаларын айналып өткен емес. Алтын Орданың шаңырағы құлап, Еуразияның ұлы даласына көктей көшкен көшпелілер басынан бақыт құсы ұшқан кезде сұңқылдап тұрып жоқтау айтқан әйгілі тұлғаларымыздың бірі Сүйінішұлы Қазтуған жырау болған. Қазтуған өткенін қимай, бүгінге риза болмай, болашағына секеммен қарап өткен жырау.

Филология ғылымдарының кандидаты А.Сейітованың деректеріне сүйенсек, Қазтуған қазіргі Астрахан облысына (қазір Ресейге жатады) қарайтын Краснояр ауданы, Еділдің төменгі салалары Бозан, Ақтұба өзендері маңында дүниеге келген. Жыраудың ғұмыр кешкен кезеңі жайлы әр түрлі пікірлер бар. Әдебиеттанушы-ғалымдардың дені жыраудың дүниеге келген уақытын XV ғасырдың 20–30 жылдарымен байланыстырады [2; 58].

«Қазақ тарихы» журналында Қазтуған туралы мынадай мәліметтер берілген: «Шамамен XV ғасырдың 20–30-жылдарында Еділ бойында, қазіргі Астрахан облысының Красный Яр қаласының маңында дүниеге келген. Әкесінің аты Сүйініш, Қазтуған Еділдің салалары Ақтұба, Бозан бойын жайлаған түркі тайпаларының көсемі, әскербасы, батыры болады. Дешті Қыпшақта XV ғасырдағы дүрбелең кезеңінде оның кімдерді жақтағаны, не істегені белгісіз. Тек ғасырдың екінші жартысында өз қарауындағы рулармен бірге Еділден ауып, Қазақ Ордасының құрамына өткендігін білеміз» [3].

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ә.Сарай «Ноғайлының рухани өмірі» атты еңбегінде: «Қазтуған — Ноғайлы жырауларының ең кенжесі, XVII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген тұлға. Жыраудың өмір сүрген кезеңін анықтауға Ноғайлы шежірелері септеседі.

Қазтуған шежіресі былай түзіледі: Ысмайыл — Дінбай — Тінікей — Абдол — Сүйініш — Қазтуған. Ысмайыл Мұса бидің ортаншы ұлдарының бірі болғандықтан, 1480 ж. шамасында дүниеге келді деп болжауға болады. Ал өлген жылы 1563 жыл. Оның төртінші ұлы Дінбай Орыс би заманының 1578–1590 жылдары атыс-шабыстың бел ортасында болды. Қазтуған — Ысмайылдың бесінші ұрпағы. Әр ұрпаққа 20–25 жастан бергенде Қазтуған 1600 ж. шамасында дүниеге келген болады.

Ол Ноғай ұлтының төл перзенті. Үшінші атасы Дінбай би дәрежесіне көтерілмегенмен, Башкирияның уәлиі болған Ноғайлының атақты мырзаларының бірі. Қарғыс тигендей атыс-шабыспен өмірлері Ысмайыл ұлдары арасында үнемі әділет жолына жығылушылардың бірі болды», деп жазады [4].

Қазтуған жырларына қарағанда, ол өзінен жасы үлкен Асан Қайғының көзін көрген. Әрине, жай ғана жүзі таныс емес, Асан сияқты бірнеше ханның ақылшысы болып, ел ісіне бел шеше араласқан адамнан үлгі-өнеге алған. Кейін Асан Қайғының баласы Абатпен үзеңгілес болып, ел ісінде мақсат-мүдделерін ортақтастырған.

Жоғарыда келтірілген деректерді саралай келгенде, Қазтуған XV ғасыр аясында сексен жасқа жакындап ғұмыр кешкен адам.

*Қазтуған жырау өлеңдерінің, толғауларының көп ғасырлық
өнер мектебі мен әдеби үлгі ретінде санамыздан орын алуы*

Сүйінішұлы Қазтуған жырау артына қазақтардың әскери рухын, туған жерін, халық өмірі мен тұрмысын суреттейін көптеген өлеңдерден тұратын шығармашылық мол мұра қалдырған. Олардың көпшілігі сақталмаған. Біздің заманымызға Қазтуған мұрасының жүзден бір бөлігі ғана жетті деуге болады. Бірақ соның өзі жыраудың шығармашылығы жайынан, сол алма-ғайып кезең тынысынан біршама мағлұмат бере алады. Үзінді күйінде жеткен «Бұдырайған екі шекелі», «Алаң да алаң, алаң жұрт», «Белгілі биік көк сеңгір» және «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы» деп аталатын толғаулары Қазтуғанның қазақ әдебиеті тарихынан өзіндік орын алуына негіз бола алды. Жырау толғауларын алғаш рет Ғабдолла Мұштақ «Шайыр, яки қазақ ақындарының басты жырлары» атты жинақта топтастырды. Кейіннен толғаулары «Ертедегі әдебиет нұсқалары», «Алдаспан», «XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы», «Бес ғасыр жырлайды», «Жеті ғасыр жырлайды» атты жинақтарда жарық көрген [2; 59].

Ұлы жыраудың қиялының ұшқырлығы, кеңдігі, суреттеу тәсілдерінің байлығы мен әсемдігі орта ғасырларда қазақтың ақындық өнерінің жоғары дәрежеде әрі өзіндік сипатқа толы болғанын танытады. Ұлттық бояуы ашық, өршіл романтикаға суарылған, афористік толғаныс, көркем тіркестерге бай төменде келтірілген Қазтуған жырлары әлденеше ғасырлар бойы қазақ ақындарына үлгі, өнеге мектебі болған:

1. Асан Қайғының, Қазтуғанның, Доспамбеттің, Шалкиіздің, Жиёмбеттің, Марғасканың, Ақтамбердінің, Тәтіқараның, Үмбетейдің, Бұқардың толғауларында қазақтың ата мекендері шығармалардың тақырыптық-идеялық, көркемдік-стильдік әр түрлі ерекшеліктеріне орай жырланады. Жыраулар поэзиясындағы жер-су атауларының ішінде Алтын Орда мемлекеті дәуіріндегі қазақ халқының иеленген мекендері сағынышпен, қимастық сезіммен жырланады. Атап айтқанда, Еділ, Жайық, Сырдария, Қара Ертіс өзендері, Азау (Азов) теңізі, Түркістан, Ташкент қалалары және т.б. мекендер жыр арқауының негізін құрайды.

Қазақ елінің мемлекеттілігін, ежелгі ата жұртын мәңгілік мақтанышпен, асқақ сезіммен жырлау — жыраулар поэзиясында қалыптасқан ұлттық болмысымыздың нақты көрінісі.

Бұл Қазтуған жыраудың «Алаң да алаң, алаң жұрт» атты туған жермен қоштасу жырынан ерекше байқалады [1; 12, 13]:

*Алаң да алаң, алаң жұрт,
Ағала ордам қонған жұрт,
Атамыз біздің бұ Сүйініш
Күйеу болып барған жұрт,
Анамыз біздің Бозтуған
Келіншек болып түскен жұрт,*

*Қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт,
Кіндігімді кескен жұрт,
Кір-қоңымды жуған жұрт,
Қарағайдан садақ будырып
Қылшанымды сары жүн оққа толтырып,
Жанға сақтау болған жұрт!*

Бұл жолдарда оқырманын баурап алатын ерекше бір күш бар сияқты. Андап қарасақ, өзгеше ештеңе де жоқ, қарапайым сөз тіркестері. Алайда осы қарапайым сөздердің өзінде адамды елітер, ерітер қаншама сезім жатыр десенізші! [5].

2. Қазтуғанның «Бұдырайған екі шекелі...» толғауы жыраулық поэзиядағы басқа толғаулардан оқшауланып тұратын көркемдік өзгешеліктерімен ерекшеленеді. Жырау өзін таныстыру монологы арқылы шағын толғауға қаймықпас қайсар «мұздай үлкен көбелі» батыр, «қойдың көсемі» іспетті елін соңына ерте білер басшы, халықты аузына қаратып, қара қылды қақ жарғызатын ділмар шешеннің жиынтық бейнесін сыйғыза білген [1; 12]:

*Бұдырайған екі шекелі,
Мұздай үлкен көбелі,
Қара ұнымы сұлтандайын жүрісті,
Адырнасы шайы жібек оққа кірісті,
Айдаса қойдың көсемі,
Сөйлесе қызыл тілдің шешені,
Ұстаса қашағанның ұзын құрығы,
Қалайылаған қасты орданың сырығы.
Билер отты би соңы,
Би ұлының кенжесі,
Буыршынның бұта шайнар азуы,
Бидайықтың көл жайқаған жалғызы...*

Көлемі жағынан аз ғана осы жыр үзіндісінің өзі Қазтуғаннан кейінгі ақындар мен жыраулар шығармашылығына үлкен ықпал етті. Нақыл, мақал-мәтел үлгісіндегі жыраудың терең толғанысты ой үрдістері қазақ поэзиясына үлкен таусылмас қазына болды.

Қазтуған Сүйінішұлы бұл жырды мақтан үшін айтпаған. Жырдың ішіне түсіп ден қойса, өкініш дүмпуінен лықсып шыққан өксік екенін аңғаруға болады. Себебі ойдың легі «Мен бұрын қандай едім?» дегендей, өткен шақпен арттағы күндерін көбірек көлденең тартады. Қазтуғанды өксіткен өкініш: кіндік қаны тамған атамекеннің артта қалуы, арман-аңсары біртұтас ноғай мен қазақ жұртының айырылысуы.

3. Данышпан жырау «Белгілі биік көк сеңгір» атты толғауында хас батырларға тән қажыр-қайратын ұштап, намысын қайрап, нағыз жырауларша елге дем беріп, рухтандыра түседі. Ол таудың әдемі көріністерін жырлап, адам туралы ойларға көшеді [1; 12, 13]:

*Белгілі биік көк сеңгір
Басынан қарға ұшырмас,
Ер қарауыл қарар деп,
Алыстан қара шалар деп;
Азамат ердің баласы
Жабыққанын білдірмес,
Жамандар мазақ қылар деп!*

Осынау өлеңде қаншама терең ғақлия, өр рух бар десенізші!

4. Қазтуған жырларында оның ақындық ерлігі мен шырқау биігін көрсетер тұс — ол жырды кім шығарғанын нақтылы дәлелдейтін [1; 12]:

*Бұлт болған айды ашқан,
Мұнар болған күнді ашқан,
Мұсылман мен кәуірдің
Арасын өтіп, бұзып дінді ашқан
Сүйінішұлы Қазтуған, —*

деген жолдар арқылы қазақтың Ноғайлы дәуіріндегі төл әдебиетінің жаңа белесінің бір қырын аңғартады. Өз шығармаларын ауызша шығарып таратқан Қазтуған сияқты дәлділ жырау өз есімін жырларында ерекше атап өту арқылы авторлығына дау тудырмайтын амалды сол заманда-ақ білдіргендей [6].

Бұл туындыда келтірілген жолдардан елеулі эпитет, маңызды метафоралармен бірге, батырдың биік тұлғасы, жорық жолдары, өжеттігі мен өр мінезі де қатар көрініп тұр.

5. Қазтуған жырлары — әуенді, дыбысты, ырғақты, күшті поэзия. Мысалы, дауысты «а» дыбысын қатар қолданып, аңырата сөз тастау тыңдаушыға әсерлі, құлаққа жағымды [1; 13]:

*Арғымақтың баласы
Арыған сайын тың жортар,
Арқа мен қосым қалар деп;
Ақ дария толқын күшейтер,
Құйрығын күн шалмаған балығым,
Ортамнан ойран салар деп.*

Немесе [1; 14]:

*Жабағылы жас тайлақ
Жардай атан болған жер.
Жатып қалған бір тоқты
Жайылып мың қой болған жер.
Жарлысы мен байы тең,
Жабысы мен тайы тең,
Жары менен сайы тең.*

Жоғарыдағы өлеңнің шумағы 3 жолдан тұрады. Ақын 5 жолды өлең шумағын да жиі қолданған. Әрбір сөз, әрбір жол өз орнында. Қазтуған өзіне тән теңеу, метафоралар қолданады. Қатарынан «ж» әрпінен басталатын ұзақ шумақты өлеңнің балама сөздері жер-қоныс құнарлығын өте айқын танытады [7; 124].

Сонымен, Қазтуғанның ақындық өнері қуатты, мәнді. Оның жырларын, толғауларын оқығанда қара домбыраның қағысын, ат тұяғының дүбірін, жердің дүрсілін, жел тұрғандағы шөптің тербелуін, киіз үй есігінің сықырлап ашылуын, жебенің суылын естігендей боласың.

Орта ғасырлық тұлғалар сияқты Қазтуған да әрі батыр, әрі ақын, әрі күйші, әрі би, әрі шешен. Сегіз қырлы, бір сырлы.

*Ұлы жыраудың «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы»
атты толғауы*

С.Сейфуллин өзінің 1931 жылғы жинағында «Ноғайлар бытырағанда Қазтуған батырдың айтқаны» деген атпен «Арайна, билер, Арайна» деп басталатын жиырма шақты жолдай өлеңін жариялаған [8]:

Жазушы аталмыш шығарманы түгел жарияламай, кейбір жолдарын қысқартқан. Алынып қалған өлеңдердің орнына көп нүктелер қойып кеткен. Сөйтсе де, жыраудың негізгі ой-арманы айқын сақталған.

Қазтуғанның бұл толғауы [1; 15–18] «Сөйле, тілім, жосылып» атты жинаққа толық кіргізілген. Жыраудың туындысы:

*Арайна, билер, Арайна,
Арайна десем, болғай ма?!
Арайнасыз әрқайда
Ердің ісі оңай ма?!
Арайна болған Қазтуған,
Қайғыланып сонда толғай ма?!
Ел қияға қонбай ма?
Еділ, Жайық арасы
Кеңшілік қоныс болғай ма?!
Ебей басты құба үлек
Ернімен шырпы шалғай ма?!
Бұл қоныста отырып,
Біздің мұсылман баласы
Жағасы босап тынбай ма?! —*

деп басталады.

А.Сейітова «Қазтуған толғаулары — Ноғайлы-қазақ дәуірі әдебиетінің үлгісі» деген мақаласында мынадай қызық дерек келтірген: «Орталық ғылыми кітапхана қорының қолжазба бөлімінде осы «Арайна» есіміне қатысты мынадай мәлімет бар: «Қазтуғанның Арайна атты жолдасы

қаза болып, өтерінде кейінгі жырлардың бәрі «Арайна» деп басталса екен деп өсиет қылыпты-мыс. Бірақ жырау шығармалары біздің заманымызға толық жетпегендіктен, кейінгі толғауларында Қазтуғанның жолдасының соңғы өтінішін қалай орындағаны бізге беймәлім» [2; 61].

Осы толғауда Қазтуған жыраудың елдің болашағына аландаушылығы, туған жердің тыныштығының қаймағы бұзылғандығына күйінуі анық аңғарылады.

1. Туған жерден өз еркімен бастарту қаншалықты қиын болғанына қарамастан, Қазтуған мұсылман баласын кеңінен жайлаған құтты қоныстары Еділ-Жайық арасы мен Астраханды қоныс етпеуге, ол жерлерден көшуге шақырады. Еділден кетпесе, қалмақтың басып алатыны; Жайықты тастамаса, кәпірлердің, яғни орыстардың, басып алып, қала салатыны; Астрахан қаласын да солардың тартып алатыны тарихи шындықпен дәп келеді:

*Еділді қоныс етпеңіз,
Жағалай қалмақ алады.
Жайықты қоныс етпеңіз,
Сыдыра біткен көкжиек,
Кәпірлер қала салады.
Астраханды (Астраханды) қоныс етпеңіз,
Шәһәрін оның алады.*

2. Қазтуғанның ат жалын тартып мініп, ата жолын қуып, ел ісіне араласқан ортасы Дешті Қыпшақтың кіндік мекені, Еділ мен Жайық арасы, Каспий алабы, Нарын, Қабыршақты, Қарасу деген жерлер. Қазтуған қиын кездегі көп қиқушының бірі емес. Сол даланың бағы мен сорын пешенесіне балаған ел басылардың әулетінен шыққан. Оның тепсініп сөйлеп, таусылып айтып, тебірене күй төгуінде осындай гәп бар.

Жыраудың ұғымында Еділ, Жайық, Ойыл әлеуметтік мәнге ие. Бір Еділдің өзі жалпы ел бейнесін бейнелесе, Жайық — сол елдің жаны. Ойыл — ақыл мен парасаттың ошағы — ой ұғымдарымен астасып жатыр. Сондықтан сөз дүлдүлі:

*Еділді алса — елді алар,
Енді алмаған не қалар?
Жайықты алса — жанды алар,
Жанды алған соң не қалар?
Ойылды алса — ойды алар,
Ойлашы, сонда не қалар?
Қара мауыты мұшақат
Бүтін тоғай жерді алар, —*

деп күйінеді. Расында, жан мен ойдан айрылған елде не қауқар, не қайрат қалмақ. Жырау жаны осыған күйзеліп, налиды.

3. Қазтуғанның туған жеріндегі бір кездегі «жабағылы жас тайлақ жардай атан болып», содан көбейген Ойсылқара тұқымына да жатжұрттықтардың қол салатыны жырау жанына қаяу түсіріп, қабағына кірбің ұлатады. Бұл жайлар да Қазтуған жырына арқау болған:

*Жаз кіреге жақсы деп,
Дулығалы нарды алар,
Қыс кіреге жақсы деп,
Шудасы қалың айырды алар.
Сусынына шай алар,
Шайнауына май алар.*

4. Кемеңгер жырау өз толғауында өткен күндерді армандап, аһ ұрып, кәпірлердің билігінің күшейіп, мұсылманның басынан бағы тайып, тәуелсіздіктен айрылып, ғаріп халге түскен күйін қынжыла баяндайды:

*Ойыл да Қиыл, Жем, Сағыз,
Қайран саланың жатқан аңғары-ай,
Ақ шалмалы пірлердің
Мешітке жаққан шамдары-ай!
Менің бүйтіп қозғалақтап жүргенім
Аузы түкті кәпірдің
Күшті болған салдары-ай!*

*Кәпірден теңдік алуға
Қайта келер деймісің
Мұсылманның баяғы
Шыңғыстан туған хандары-ай?!
Бұл қоныстан кетпесең,
Мұны талақ етпесең,
Атаңа нәлет кәпірдің
Пайдасына қалмаса игі еді.*

5. Әйгілі жыраудың ноғайлы-қазақ елінің құнарлы қонысын қимай, амалсыздан тастап бара жатқанына керемет өкініш білдіргені толғауда былайша суреттеледі:

*Ноғайлы, қазақ жұртымның
Кейінгі туған балалары-ай!
Адыра қалғыр көк Жайық,
Аңырап қалған қонысым!
Қонысымнан ауған соң,
Кетпегей еді ырысым.
Таудағы тарлан бөрі едім,
Тарылған сынды тынысым.
Кейінгі өскен жас бала,
Ақ балтырын түрініп,
Басарына ерініп,
Көкірегі күйініп,
Тек тірлікке сүйініп,
Ықтиярсыз жүгіріп,
Аузы түкті кәпірдің
Етпегей еді жұмысын!
Бұл қоныстан кетпесең,
Мұны талақ етпесең,
Екеу-екеу сөйлесіп,
Біздің кейінгі өскен жас бала
Аузы түкті кәпірдің
Соқпаса екен пайдасын!
Буыршынның жалғыз қырқар азуы,
Бөкеннің желіп өтер төрт саны,
Бұғының ауыр қара мүйізі,
Бидайықтың жалғыз соғары,
Қашағанның ұзын құрығы,
Ақ орданың тіреу сырығы,
Айдаса — қойдың көсемі,
Сөйлесе — тілдің шешені,
Арғымағын жаз жіберіп, күз мінген,
Күз жіберіп, жаз мінген,
Жазаласа — екі жылда бір мінген,
Жолдасын жолай іздеген,
Өзіне тиген дұшпанын
Қарт бурадай тіздеген —
Мен — Қарға бойлы Қазтуған,
Қайғыланып асып барамын
Ноғайлы-қазақ елімнен!*

Қазақ пен ноғайдың айырылысқанын, ата қоныстың артта қалғанын Қазтуғанның көзі көріп отырса да, көңілі сенбейді, жан жүрегі бұл сұмдықты мойындамайды. Осынау тарихи оқиға Қазтуғанның бүкіл өмірінің мазмұнына айналған сияқты.

Бір қызығы, осы жағдайлар тек қана жыр түрінде емес, Қазтуған көкірегінен күй болып та төгілген. Ол күй ел ішінде күні бүгінге дейін Қазтуғанның «Сағынышы» деп тартылады. Әрине, Қазтуған сияқты кесек тұлға бірлі-жарым күй шығарумен шектелмеген. Белгілі ғалым, атақты жазушы М.Мағауин Қазтуғанның «Құлақ күй» атты күйінің болғанын жазады. Өкінішке орай, әзірше қолда бары «Сағыныш» деген күйі.

Түйін

Қорыта айтқанда, Қазтуған Сүйінішұлы Сыпыра жырау негізін салған, көнеден келе жатқан толғау жанрының дамуына үлкен үлес қосты. Жауынгер ақынның дала поэзиясына тән өр рухты, дауылпаз үнді, асқақ қанатты сөздерге толы, көркем тіркестерге бай жырлары қазақ әдебиеті тарихында өшпестей із қалдырды.

Сондықтан да халық Қазтуғанды әрдайым еске алып, қадір тұтқан. Ол туралы талай аңыздар айтылған. Ел аңызында ол қалмақтарға қарсы қол бастаған ұрпақты батыр. Оның тоғыз батыр ұлы болыпты.

*Онымыз тұрып оқ атсақ,
Он сан қалмақ бөлінген, —*

деп айтыпты батырдың өзі. Халық аузында мынадай да жолдар кездеседі [9]:

*Тоғыз тұтам оқ жонған,
Толғамалы найза өңгерген,
Тоғыз көлді торқалы
Темір болат сауыт киген,
Толғамалы жақ тартқан,
Толассыз тұрып оқ атқан,
Тоғыз оқ торғауытты бөгеген,
Тобылғыдан су татқан.
Жетпіс бесте жасы бар...
Қабыршықты жайлаған.
Ақсуды төмен бойлаған.
Шағанға атын байлаған,
Қарға бойлы Қазтуған...*

Қазтуған жырау қайғы айтып еш түңілмеген. Батырлар дәстүрін қолдап, асқақ жыр шерткен. Бөлінбес бірлік, қайтпас ерлік дәстүрін уағыздаған. Ойын-тойы көп жастық шақты еске алып, оптимистік пікірлер ұсынған. Нарындай құнарлы, жайлы кең қоныстың қасиеттерін асыра ардақтаған [7; 123]:

*Көрінген мынау көк Нарын
Ойран салып өткен жер.
Маңдайы күнге күймеген,
Жорғадан басқа мінбеген,
Сұлудан басқа сүймеген,
Қамқадан басқа кимеген...*

Қазтуған жырау өз елін, жерін сүйетін және өз халқы үшін, оның бостандығы үшін қасық қаны қалғанша күрескен адам. Басқа ақын-жырауларды да соған үндеген.

Ел-жұрты үшін еңіреп өткен Қазтуғанның сүйегі, көнекөз қарттардың айтуынша, Қияш өзенінің жағасындағы Баба ата қорымына өзінің өсиеті бойынша жерленсе керек. Сөз орайында, әйгілі Бөкей ханның сүйегі де осы қорымда екенін айта кетудің артықтығы жоқ.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Сөйле, тілім, жосылып. (Жыраулар мұрасы) / Құраст. әрі ред. Т.Қыдыр — Алматы: Олжас кітапханасы, 2012. — 156 б.
- 2 Сейітова А. Қазтуған толғаулары — Ноғайлы-қазақ дәуірі әдебиетінің үлгісі // Ақиқат. — 2011. — № 2.
- 3 Қазтуған (XV ғасыр) // Қазақ тарихы. — 2008. — № 5, 6. — 80-б.
- 4 Сарай Ә. Ноғайлының рухани өмірі // Егемен Қазақстан. — 2010. — 20 ақпан. — 5-б.
- 5 Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет: Оқулық. — Алматы: Ана тілі, 1992. — 21-б.
- 6 Қазақ әдебиетінің тарихы. — 3-т. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы. — Алматы: Ғылым, 2000. — 279-б.
- 7 Қазақ халқының тарихи тұлғалары: Қысқаша анықтамалық. — 2-кіт. — Алматы: Өнер, 2013. — 360 б.
- 8 Сейфуллин С. Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары. — Алматы, 1931. — 24-б.
- 9 Сүйінішәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқулық. — Алматы: Санат, 1997. — 260-б.

Р.С.Каренов

Казтуган жырау Сюинишулы — основположник казахской литературы

Статья посвящена жизни и деятельности выдающегося акына-жырау XV столетия Казтугана. Казтуган являлся не только талантливым поэтом, но и крупным военачальником и политическим деятелем своего времени. Дана развернутая оценка его литературным произведениям, отражающим все важнейшие события того времени, в котором поэт жил и творил. Отмечено, что творческое наследие Казтугана жырау имело особое значение для формирования и развития отечественной поэзии, стало образцом мастерства слова для последующего поколения поэтов-жырау.

R.S.Karenov

Kaztugan zhyrau Syuinishuly — founder of Kazakh literature

Life and activity of the outstanding akyn-zhyrau XV of Kaztugan are stated centuries to a zhyra. It is noted that Kaztugan was not only the talented poet, but also a large voyenonachalnik and the politician of the time. The developed assessment is given to its literary works in which all major events of that time in which the poet lived found reflection and created. It is emphasized that the creative heritage of Kaztugan a zhyray played special value for formation and development of domestic poetry, became an example of skill of the word for the subsequent generation of poets-zhyraus.

References

- 1 *Start talking, my language eloquent (Tvorestvo of akyns-zhyraushy)*, comp. and edit. T.Kydyr, Almaty: «Olzhas's Library» Publ. house, 2012, 156 p.
- 2 Seitova A. *Akikat*, 2011, 2.
- 3 *History of Kazakhs*, 2008, 5–6, 80 p.
- 4 Saray A. *Egemen Kazakhstan*, 2010, February, 20, p. 5.
- 5 Magauin M. *Literatura times of the Kazakh khanate*: textbook, Almaty: Ana tyly, 1992, p. 21.
- 6 *History of the Kazakh literature*, 3. History of the Kazakh literature of the XV-XVIII centuries, Almaty: Gylym, 2000, p. 279.
- 7 *Historic figures of the Kazakh people: Short reference book*, 2, Almaty: Oner, 2013, 360 p.
- 8 Seyfullin S. *Samples of ancient Kazakh literature*, Almaty, 1931, p. 24.
- 9 Syuinshaliyev Kh. *History of the Kazakh literature*: textbook, Almaty: Sanat, 1997, p. 260.

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

METHODS OF TEACHING OF LANGUAGE AND LITERATURE

ӘОЖ 3(98)

Л.И.Ізтілеуова, Қ.О.Бекишев, Е.А.Шайхығалиев

*А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті
(E-mail: 3rb0l@mail.ru)*

Жоғары оқу орындарында мамандыққа қатысты тілдік оқытудың тиімді педагогикалық әдістері мен тәсілдері

Мақала мамандыққа қатысты тілдік оқытудың тиімді педагогикалық әдістері мен тәсілдеріне арналған. Қазіргі кезде қазақ тілін кәсіби негізде оқытуда және оның құрамдас бөлігі ретінде қазақша терминдік сөздерді ғылыми негізде оқыту, мақсаты мен мағынасын түсінуде күрделі өзгерістер болып жатыр. Соның ішінде болашақ маманның қалыптасуына, табысты жұмыс істеуіне және қатысымды құзыреттілігінің дамуына кәсіби қазақ тілінің атқаратын рөлі ерекше. Қазақ тілін меңгеруде ауызекі сөйлеуге ғана емес, қатысымды-ақпаратты, қатысымды-когнитивті, қатысымды-әлеуметтік шеберліктерінің кешенді қалыптасуына басты назар аударылады. Осыған байланысты бірінші жолға адамның қалай сөйлейтіндігі ғана емес, не айтатындығы қойылады.

Кілт сөздер: кәсіби оқыту, білім мазмұны, әдістемелік теория, педагогикалық технология, инновациялық технология, әдіс-тәсілдер, коммуникативтік құзыреттілік.

Қазіргі кезеңде жоғары оқу орнының мамандары алдында тұрған маңызды, жауапты міндеттің бірі — білім алушыға тиынақты білім беру. Ол үшін оқытушылар оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін өз тәжірибесінде қолдануды таңдап алады, үнемі ізденісте болады. Жаңа технологияларды күнделікті дәріс және тәжірибелік сабақ үрдісінде пайдалану, оқыту мақсатына жетудің тиімді жолдарын көрсетеді. Оқытудың жаңа әдістерін пайдалану арқылы оқытушы білім алушының белсенділігін, шығармашылық ізденісін арттырады, пәнге деген қызығушылығын оятады. Педагогикалық технологияның басты принциптерінің бірі:

- оқытудың тиімділігін арттыру;
- берілген материалдарды терең меңгерту;
- білім алушыны ойлату, ой салу;
- өзін-өзі оқытуға мүмкіндік беру;
- білім алушыны жеке тұлға ретінде қабылдау;
- оқытушы мен білім алушы арасында шығармашылық қатынастың болуы;
- білім алушының алдына мақсат қойғызып, оны міндетті түрде орындату.

Білім алушының пәнге қызығуын арттыру, қоршаған ортаны игеріп, сөйлесу, пікір алысу, сұраққа дұрыс жауап беру, әңгімелесу, т.б. тілді меңгерту жолында қазақ халқының ауыз әдебиетінен мысалдармен байытылған тапсырмаларды өз бетімен игеріп, шығармашылық деңгейге жетуі — технологияның тіл үйретудегі басты талаптары.

Мәселен, жоғары оқу орындарының бағытталған мамандық бөлімдерінде кәсіби қазақ тілін оқыту әдістемесі теориялық білім берумен қатар, болашақ мамандыққа баулиды. Осыған орай қазақ тілінен берілетін базалық білім таңдалады. Қажетті базалық білімде ерекше орынды жоспарлау мәселесі алады, себебі бүгінгі студент — ертеңгі маман.

Бүгінгі күн талабы — маманның кәсіби бағыттылығын, іскерлігін қалыптастыру. Жоғары оқу орнында білім беру — қоғам дамуының негізгі жолы. Сондықтан кәсіптік білім беруде өтілетін тақырыптар, соның ішінде жоспарлау мәселесі, ғылымның соңғы жетістіктеріне негізделуі тиіс. Білім беруде жаңа технологиялардың пайда болуы оқытушыдан әдістемелік-технологиялық біліктілікті талап етеді. Себебі мұғалім өз қызметінің негізгі субъектісі студенттің жеке басымен жұмыс істейді. Студенттердің мүмкіншілігіне, қажеттілігіне, білім берудің мақсаты мен міндеттеріне негізделмеген оқыту нәтиже бере алмайды. «Қазіргі кезде білім жүйелерін технологиялық негізде құру педагогикалық ғылым мен тәжірибенің жаңа бағыты болып отыр.

Бүгінгі күні жаңа технология бойынша оқытудың келесі түрлері белгілі: мәселелік оқыту, бағдарламаланған оқыту, саралап, жекелеп оқыту, дамыта оқыту, ұжымдық оқыту, деңгейлеп оқыту, қашықтық оқыту, модульдік оқыту. Қандай технология болмасын, оны оқытушы сабақтың жоспары арқылы іске асырады. Ал бүгінгі күні жоспарлау мәселесі әлі шешімін таппай отыр. Сондықтан технологиялық карта — әмбебап жоспар, оны барлық пәндерге бейімдеп қолдануға болады. Технологиялық карта арқылы оқытуды келесі үш бағытта жүргізген өте тиімді: білім мазмұны, құрылымы, әдіс-тәсіл арқылы (технология). Ал жаңа технологиялар қазіргі заман талабына сай жүйелі тұрғыдан оқытудың барлық кезеңін қамти отырып, оқытушының әрекетіне логикалық бірізділік, қисындылық, саналалық, болжалдық, мақсаттылық оқытуда мұғалімнің рөлін өзгертті. Оқытушы дайын білімді жоспарлап, жеткізуші рөлінен студенттерді білім алуға ұйымдастырушы, кеңесші қызметіне ауысты. Қалыптасқан жоспарлау аясында тақырыпты меңгерту нақты үлгерім деңгейіне (жақсы оқытындар, орташалар, нашарлар) негізделді. Ал технологиялық карта тақырыпты әрбір студенттің игеруіне (үлгеріміне байланысты емес) тиімді жағдай жасайды. Ондай жағдайлар: студенттің тақырып бойынша өз бетімен жұмысы, білім деңгейін стандарт деңгейінен жоғарылату. Бұлардың бәрі технологиялық картадағы мақсат пен міндеттерге байланысты жүргізіліп отырады.

Демек, қалыптасқан әдістеме бойынша жазылатын жоспар мен технологиялық карта бір-бірінен оқытуды ұйымдастыру, тақырыпты беру, оқушылардың білімін анықтау, білім деңгейін көтеру жағынан ерекшеленеді. Екі жоспардың ең негізгі айырмашылығы: оқытудың нәтижесінде. Технологиялық картаның басты сипаты — мақсатты нәтиже. Қоғам талабы да нәтижелі кәсіптік мамандарды даярлауда болып отыр. Осыған орай «жоспар» терминін «технологиялық карта» ұғымы ығыстырды. Технологиялық карта университетте білім алатын маманға: білім беру және оқу әрекетін жүйелі ұйымдастыру тұрғысынан қарастырылады.

Өйткені технологиялық карта арқылы оқыту студенттің жеке мүмкіндігіне қарай жұмыс істеуіне, мақсат қою, оны жоспарлау, ұйымдастыра білу, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалауға үйретеді. Бұл жағдай университет студентінің оқу әрекетінде өзін-өзі жете түсінуіне, өз бетімен жұмысын дұрыс ұйымдастыруына, білім деңгейін анықтауына, жоғарылатуына мүмкіндік береді. Жаңаша кәсіби қазақ тілін оқыту — ол қазақ тілінің әр тақырыптарына жазылған сабақтар. Яғни қазақ тілін оқытудың негізгі құралы — технологиялық карталар. Технологиялық карта құрылымы келесі мәселелерді қамтиды:

1. Тақырыптың жалпы мақсатын нақтылау.
2. Міндеттерді жүйелеу.
3. Студенттің тақырыпты меңгеру барысындағы өз бетімен жұмысын мөлшерлеу.
4. Тақырып бойынша білім деңгейін анықтау.
5. Тақырып бойынша білім деңгейін стандарт деңгейінен жоғарылату.

Тіл үйрену ол зорлықсыз, иландыру арқылы жүргізілетін жұмыс екендігі белгілі. Алайда, қандай да бір құбылыс болмасын оның қажеттілігі байқалмайынша, жүзеге аспайтыны анық. Олай болса, мемлекеттік тіл қазақстандық басқа ұлт өкілдерінің қажеттіліктеріне айналмайынша, олардың тілді үйренуі кешеуілдеуі ықтимал. Сол себепті мемлекеттік тілді жедел әрі тиімді оқытудың жолдары мен түрлерін тілші-мамандар мен ғалымдар әр түрлі әдістемелер арқылы оқытуды ұсынуда. Соңғы жылда білім беруде жаңа технологиялар әдісі бойынша қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне үйрету тиімді екенін өмір өзі дәлелдеп келеді. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» бағдарламасында жан-жақты дамыған, дүние жүзіне әйгілі және сыйлы мемлекеттің патриоттарын тәрбиелеу ұстаздар қауымының басты міндеті екендігі баса айтылған [1]. Оқытушы әрдайым ізденісте болса ғана, шәкірт жанына нұр құя алады демекші, әр сабақтың қызықты өтуі тікелей оқытушыға байланысты. Осы орайда өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілдің қадірін сезіндіріп жүрген тіл мамандарының көтерген жүгі ауыр-ақ десек те, мемлекетіміздің кез келген оқу орнында қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде оқытылады. Оқыту технологиясы мен әдістеме ғылымы бір-бірімен тығыз байланысты. Әдістеме ғылымы «Нені

оқыту керек?», «Не үшін оқыту керек?», «Қалай оқыту керек?» деген сұрақтарға жауап іздесе, оқыту технологиясы «Қалай нәтижелі оқытуға болады?» деген мәселенің шешімін іздейді. Олардың мақсаты бір, яғни, оқытудың тиімді жолдарын қарастыру. Оқытудың тиімді жолдары әр түрлі әдістер арқылы анықталады.

Орыс дәрісханасында қазақ тілін меңгертуде инновациялық технология әдіс-тәсілдері студенттердің мемлекеттік тілге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз ізденістері мен шығармашылық деңгейлерін дамытуға жол ашу болып табылады. Орыс дәрісханасында қазақ тілін оқытуда және тәрбиелеу үрдісінде педагогикалық жаңалықтарды енгізу IV кезеңнен тұрады:

I. Тілге қатысты жаңа идеяны іздеу.

II. Жаңалықтарды ұйымдастыру.

III. Жаңалықтарды енгізу.

IV. Жаңалықтарды бекіту.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көпнұсқалық қағидасы бекітілген, білім мекемелерінің педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны тиімділігіне қарай пайдалану оқытушыдан үлкен шеберлікті талап етеді.

Жоо-да инновациялық технологияларды қолдану арқылы тілдік білім сапасын арттырып, қарым-қатынаста еркін қолдана алу мүмкіндіктеріне жол ашу — ол:

- әр сабақта қазақ тілін игертуге қатысты интерактивті әдістерін қолдану;
- әр студенттің психологиялық ерекшеліктерін ескеру;
- мемлекеттік тілді үйренуге деген ынтасы, зейіні, қызығушылығына көңіл аудару;
- міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, мүмкіндік деңгейлерін ашу;
- инновациялық технологияларды сынау арқылы тиімділігін арттыру;
- жоо жағдайына бейімдеу;
- жоо студенттеріне деңгейлік, қатысымдық, сын тұрғысынан ойлау инновациялық технологиялар элементерімен тілді игерту арқылы ұтымды тұстарына басты көңіл бөлу;
- болашақ маман проблемалық-ситуациялық жағдайларда ойын нақты жеткізе алуына бағыттау мақсатында инновациялық технологияларды қолдану.

Жоо-ның студенттері сабақтарда оқытушының көмегімен жетік сөйлей білуге, өз дағдыларын қалыптастыруда, өз бетінше тұжырым жасай алу тапсырмаларын орындайды. Әрине, заман талабына сай технологияларды қолдану ауқымы, түрлері, тәсілдері өзгеріп отырады. Бірақ ең бастысы бұл технологияларды тиімді, жүйелі қолдану қажет.

Осы міндеттерді төмендегідей тапсырма түрлері арқылы шешуге болады:

1. Тілдік шеберліктерін дамыту тапсырмасы.
2. Тыңдалым мен оқылым шеберліктерін дамыту және бақылау тапсырмасы.
3. Айтылым және жазылым шеберліктерін дамыту тапсырмасы.
4. Тілдік шеберліктерін дамыту тапсырмасы — сөйлесім әрекетінде грамматика және лексикалық дағдыларын қалыптастыруда мамандықтарға қатысты кәсіби сөздерде кездесетін мақал-мәтелдерді қолдану.

Жаңа заманның талаптарына орай, интеллектуалдық қабілеті мол мамандарды даярлау міндеті бүгінгі білім жүйесінің басты да негізгі мақсаты екені даусыз. Осы мақсатты іске асыруда студенттерге іскерлік қарым-қатынасты дұрыс оқыту қажеттігі күннен күнге айқын сезілуде. Сол себепті оқыту әдістемесінде және тіл үйретуде, ақпараттың көлемді бөлігін тиімді түрде ұсынатын, сол ақпаратты жоғарғы деңгейде игеретін және өмірде, тәжірибеде бекіте алатын әдістерді қолдануды талап етеді.

Тілші-әдіскер ғалымдар тілді үйретуде жанаша бағыттарда жұмыс істеп, жаңа ізденістер тұрғысынан қоғамдық сұраныстарға назар аударуда. Озық тәжірибелер мен әдістемелерді ортаға салып, кәсіби бағытта жұмыс жүргізуде. Әрине, бұл жерде кешенді мәселе бар: ол тілді үйретудегі бірізділік жүйесі.

Бұған, біріншіден, «Мемлекеттік тіл» Заңы қабылданып, толыққанды жұмыс жасауы, ол Елбасының «Қазақстанның болашағы — қазақ тілінде» деген тұжырымдамасымен үндес келуі, яғни Қазақстан халқының болашақ өмірінің кепілі болуы.

Екіншіден, қазақ тілі коммуникативтік қарым-қатынас, ресми қатынас тілі ретінде жұмыс жасауы.

Мамандыққа сай қазақ тілін сапалы оқыту қазіргі уақыт сұранысынан туындап отырған өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Осы тұрғыдан келгенде Б.Қасым аталым немесе сөздің лексикалық мағынасы мен семантикасы жайлы: «Сөздің лексикалық мағынасы таным теориясымен тікелей байланысты. Яғни адам затты қаншалықты жақсы таныса, затты белгілейтін сөздің мағынасын соншалықты анық, айқын біле алады. Себебі сөз мағынасы — белгілі бір заттың не құбылыстың адам санасындағы жалпыланған бейне. Зат бейнесі сөз мағынасының негізін құрайды, яғни жалпыланған бейне арқылы сөз мағынасын түсініледі және мағына арқылы келесі тыңдаушыға жеткізіледі. Сөз мағынасын қалыптастыру үшін сөздің мағынасын сөйлеуші ғана емес, қоғамдағы басқа адамдар да солай түсінуі, солай ұғынуы керек. Сонда ғана адамдар бірін-бірі түсінеді, бірімен бірі қарым-қатынас жасай алады» дей келе, мамандыққа қатысты тілді меңгертуде мынандай талаптар қою керек деп есептейді:

- студенттерді кәсіби мамандығы бойынша тілдесуге үйрету;
- мамандыққа байланысты тілдік қатынасқа түсу үшін әр түрлі жағдаяттар құру арқылы тілдік қатынастың қажеттілігін түсіндіру;
- дұрыс сөйлеу қатысымның түрлерін үйрету.

Сонымен қатар мамандыққа байланысты мәтіндерді меңгерту арқылы студентті болашақ мамандығымен кеңірек таныстыруға мүмкіндік туады.

З.С.Күзеева «Екінші тіл ретіндегі қазақ тілі оқулығы теориясының лингвистикалық негіздері» деп аталатын ғылыми еңбегінде: «Сөйлеу үшін ең басты материал — сөз. ... сөзді жүйесіз меңгеру қазақша сөйлетуге де қазақша түсінуге де мүмкіндік бермейді. Барлық тіл үшін осылай. Өз ойын жеткізу үшін қазақ сөздерінің үш сатылы топтастырылуын ұсынамыз», — дей отырып, сөздерді мағыналық топтарға, әрбір мағыналық топтың сөздер блогын бөліп көрсетеді [2].

Ш.Құрманбайұлы, М.Мамаева, А.Сыбанбаеваның «Қазақ тілі» [3] болашақ заңгерлердің кәсіби тілін қалыптастыруда олардың келешек қызметінде қолданатын сөздер мен сөз тіркестерін, заң терминдерін меңгеру басты мақсат етілген алғашқы мамандыққа арналған оқулық жарық көрген. Аталған еңбекте көркем шығармалар мен ғылыми еңбектер бойынша іріктеліп алынған мәтіндер және оларға қатысты құрастырылған әр түрлі тапсырмалар жүйесі модульдік технологияға сәйкестендірілген. Сонымен қатар студенттердің өзіндік жұмысы түсіндірме, фразеологиялық, аударма сөздіктер арқылы іске асады. Шағын хабарлама жасау, жоспар құру, белгілі бір тақырыпқа шығарма, баяндама, тезис, реферат, конспект жазу тапсырмалары болашақ мамандардың жазбаша тілін дамытуда, өз ойын, пікірін жеткізуде басты орын алады. Студенттердің өз бетімен ізденіп, кәсіби шеберлігін жетілдіруі кітап соңындағы заң терминдерінің қазақша-орысша қысқаша сөздігі арқылы жүзеге асады.

Әрине, оқу үрдісінде жаңа технологиямен жұмыс істеу үшін алғышарттар қажет: ғылыми-әдістемелік, оқыту-әдістемелік, оқу-әдістемелік кешендерді үнемі талдау жасап, назарда ұстау, жаңа оқулықтардың мазмұнын зерттеп білу, пәндік білім стандартымен танысу, білімді деңгейлеп, кәсіби бағытта беру технологиясын игеру арқылы студенттерге білімді стандарт деңгейінде игертуге қол жеткізу, оқу үрдісін ізгілендіру және т.б.

Білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту үшін жүргізілетін жұмыс түрлері бар, олар:

- сұрақ-жауап (оқытушы мен студент);
- диалог;

• ауызша қарым-қатынас, жазбаша қарым-қатынас (түрлі әдіс-тәсілді қолдануға болады). Бұл жұмыс түрлері коммуникативтік құзыреттіліктің алғышарттары болып келеді.

Коммуникативтік құзырет — өз бетімен білім алуға, оның барысында пайда болатын танымдық проблемаларды өз бетімен шешуге, өзінің позициясын белгілеуге жеткілікті білімділік деңгейі.

Соңғы жылдары әдіскер-ғалымдар қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде меңгертумен қатар, студенттердің кәсіптік мамандығын ескере отырып игертудің тиімді жақтарын қарастыруда.

Тілді мамандыққа қатысты оқытудың тиімді тұстары:

- білім алушылар қазақ тілін меңгеру арқылы кәсіби қатынас құралы ретінде қолдана алуы;
- кәсібіне байланысты жинақталған сөздік қорды мамандығына қатысты ой-пікірлерін нақты

жеткізу дағдысын қалыптастыру.

Ол үшін сөздік-минимумды таңдауда басшылыққа алынатын ұстанымдар:

- сөздің сөзжасамдық қабілеті;
- сөздің көпмағыналық омонимділігі, синонимдік;
- сөздің мамандыққа байланысты қатысым-прагматикалық мақсатын ескеру.

Сонымен қатар студенттердің лексикалық және терминологиялық түсіндірмелері фразеологиялық аударма сөздіктер арқылы жүзеге асады. Шағын хабарлама жасау, жоспар құру, белгілі бір тақырыпқа шығарма, баяндама, тезис, реферат, конспект жазу тапсырмалары болашақ мамандардың жазбаша тілін дамытуда, сауаттылығын арттыруда, өз ойын, пікірін жеткізуде басты орын алады. Студенттердің өз бетімен ізденіп, кәсіби шеберлігін жетілдіру мақсаты лексикалық минимумы мен терминдерінің қазақша-орысша түсіндірме сөздігі арқылы жүзеге асады.

Кәсіби салада оқыту негізінен сұхбат түрінде жүргізіледі, яғни студент курс соңында өз саласына қатысты сұрақ-жауапты игеруі, сала терминдерін пайдаланып сөйлей білуі, өз саласына қатысты туындаған мәселелер бойынша сұрақтар қою және өз саласындағы барлық құжаттарды қазақ тілінде жүргізе білуге үйренеді. Студент кәсіби сөйлеу бағытында оқу-түсіну, ойын түсінікті етіп жаза білу, мәселеге қатысты өз ойын дұрыс жеткізу, өз саласына қатысты құжатты дұрыс түсіне білу, ол туралы өз ойын айту, сөйлеу барысында өз саласына қатысты күрделі сөзді қолдану арқылы ойын толық жеткізу бағытында білімін толықтырады. Аталған құжаттарды дайындай білумен қатар, оларды белгілі бір дауыс ырғағымен оқи білуге жаттықтыру жұмыстары да қатар жүргізіледі.

Кәсіби сөйлеуге үйрету барысында қазақ тілін ауызекі сөйлеу тілі ғана емес, сонымен қатар жұмыс барысында кәсіби тілде сөйлеу, кәсіби тілде сөйлейтін ортаны қалыптастыру жұмыстары туындайды.

Тіл үйренушінің тілін дамыту екі бағытта жүргізіледі: ауызша және жазбаша. Жалпы алғанда тілді оқытуда бұл екі бағыт қатар байланыста жүргізіледі. Бірақ қазақ тілін оқытудың ең алғашқы кезеңінде ауызша тіл дамыту басымырақ болған жөн. Өйткені сөйлеу тілі кейінірек жазба тілді дамытуға негіз болады. Осыған орай кәсіби лексиканы меңгертуге тиімді тақырыптарды, жаттығулар жүйесін, тапсырмаларды іріктеп қолдану қажет. Жаттығулар жүйесі — кәсіби ұғымдардың мәні мен мағынасын түсіндіре отырып, тілді мамандыққа сай үйрететін, алған тілдік білімді тәжірибемен ұштастырып, шеберлік пен дағдыны қалыптастыру мақсатында орындалатын жұмыс кешені.

Жаттығулар түрлері: машықтандыру жаттығулары, шығармашылық жаттығулар, кәсіби-жағдаяттық жаттығулар. Мәселен, машықтандыру жаттығулары — студент үйренген сөздік қорын ұтымды пайдаланып, оны кәсіби тілдік қатынаста шеберлікпен қолданудың амал-тәсілдерін берік меңгеруін қалыптастыру мақсатында орындалатын жұмыс.

Бұл жұмыс кәсіби лексиканы, ұғымдарды, олардың табиғаты туралы мәліметте меңгеруден басталады. Нақтылы мамандыққа байланысты таңдап алынған лексиканы меңгерту үшін, біріншіден, тіл үйренушіге жаңа сөзді қолдануға жағдай туғызу; екіншіден, сөздің мағынасын айқындап, оны дұрыс қолдану амалдарын игерту; үшіншіден, сөздер мен сөз тіркестеріне қатысты грамматикалық ережелерді байланыстыра үйрету; төртіншіден, сөздердің қатысымдық бағыттылығын ескеру қажет.

Кез келген тақырыпты өту барысында берілген сөздерді мұқият тыңдатып, қайталантқызу арқылы тіл үйренушілер жаңа кәсіби лексиканың айтылуы мен оқылу ерекшеліктерін, тілдесімде дұрыс қолдануға машықтанады. Әр сабақта үйретілетін жаңа кәсіби лексиканы олар өздерінің жұмыс жағдайында күнделікті қарым-қатынаста белсенді қолдануға үйренеді, кәсіби сөздік қорын байытады.

Қазақ тілін мамандықтарына орай оқыту ғылым тілімен, оның терминдерімен тығыз байланысты. Сондықтан да тіл үйренушілердің мамандықтарына қатысты арнаулы мәтіндер арқылы кәсіби лексиканы өз саласының терминдері мен мамандар тілінде жиі қолданылатын оралымдарды білу керектігі көзделеді. Мәтінмен жұмыс жасау барысында лексика-грамматикалық тапсырмалар жүйелі болу керек. Мамандықтарына байланысты мәтіндерді іріктеп алған соң, сол мәтінді меңгертуде тек жалаң сөздер тізбегін беріп, оларды көшірумен я болмаса жаттаумен шектелуге болмайды. Сондықтан қай мамандықтың болмасын мамандығына байланысты терминді түсіндіруде сол саланың маманымен ақылдаса отырып, ой бөлісіп, оның глоссарийін жасау қажет. Өйткені белгілі бір ғылымды зерттеуші сол ғылымдағы ғылыми ұғымдарды ғылыми терминдер арқылы жүйелеп, түсіндіріп береді. Оның қыр-сырын айқындайды. Терминдерді қазақша түсіндіруде оның этимологиясына үңіліп, грамматикалық құрылысына тоқталады. Себебі қазақ тілінде кейбір сөздер бірнеше мағына беруі мүмкін. Мұндай жағдайлар мәтінмен жұмыс істеу барысында көптеп кездеседі.

Қазақ тілінің кәсіби мамандыққа бағытталған лексикасы мен терминологиясын оқыту әдістемесі сала мамандықтарына байланысты таңдап алынған лексиканы үйрету үшін, біріншіден, тіл үйренушіге жаңа сөзді қолдануға жағдай туғызу; екіншіден, сөздің мағынасын айқындап, дұрыс

қолдану амал-тәсілдерін игерту (сөз→сөз тіркестері→сөйлем→мәтін); үшіншіден, сөздер мен сөз тіркестеріне қатысты грамматикалық тұлғаларды функционалды мақсатта байланыстыра үйрету; төртіншіден, сөздердің қатысым-прагматикалық мақсатын ескеру қажет.

Қорыта айтсақ, кәсіби қазақ тілін оқыту әдістемесі теориялық білім берумен қатар, болашақ мамандыққа баулиды. Білікті маман дайындау — қоғам дамуының негізгі жолы. Бүгінгі күн талабы — маманның кәсіби бағыттылығын, іскерлігін қалыптастыру. Сондықтан кәсіптік білім беруде өтілетін дәрістер ғылымның соңғы жетістіктеріне негізделуі тиіс.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан 2030» бағдарламасы. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://www.akorda.kz/kz>.
- 2 Күзекова З.С. Екінші тіл ретіндегі қазақ тілі оқулығы теориясының лингвистикалық негіздері. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 2005. — 18-б.
- 3 Құрманбайұлы Ш., Мамаева М., Сыбанбаева А. Қазақ тілі: жоғары оқу орындары заң факульт. студентт. арн. оқу құралы. — Астана: Білім, 2001. — 205 б.

Л.И.Изтилеуова, К.О.Бекишев, Е.А.Шайхығалиев

Эффективные педагогические методы и способы профессионального языкового обучения в высших учебных заведениях

В статье определены условия повышения качества обучения профессиональному языку студентов, не владеющих государственным языком. Такими условиями явились коммуникативность и профессиональные навыки. Выделены инвариантные признаки коммуникативных способностей студентов при обучении профессиональному языку, которые можно формировать с помощью разработанной технологии профессионального педагогического общения в преподавании других учебных дисциплин. Предложенный метод проектирования технологии профессионального педагогического общения способствует повышению квалификации будущих специалистов.

L.I.Iztileuova, K.O.Bekishev, Ye.A.Shaykhygaliev

Teaching methods and forms of professional language training specialties of higher education

Theoretical significance of the article lies in the fact that the conditions specified enhance learning professional language students who do not speak the official language, in the course of professional activity, pedagogical approach, communication. These conditions were: communicative skills. The practical significance lies in the fact that the isolated invariant features of communicative abilities of students at training professional language, which can be formed with the help of the technology of professional pedagogical communication in the teaching of other disciplines. The proposed method of designing the professional pedagogical communication technology helps improve the skills of future professionals.

References

- 1 *The program of the President of Kazakhstan N.Nazarbayev «Kazakhstan-2030»*, [ER]. Access mode: <http://www.akorda.kz/kz>.
- 2 Kuzekova Z.S. *Linguistic bases of the theory of the textbook of the Kazakh language as a second language*, Almaty: Kazakh University publ., 2004, p. 18.
- 3 Kurmanbayuly S., Mamaeva M., Sybanbaeva A. *Kazakh language: textbook for law students of higher educational institutions*, Astana: Bilim, 2001, 205 p.

Ш.Мажитаева, С.Ажигенова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: S_mazhit@mail.ru)*

Ағылшын тілінде ауызша сөйлеуге үйретудің кейбір тиімді жолдары

Мақала қазақ мектептеріндегі 5–6-сынып оқушыларын ағылшын тілінде ауызекі сөйлеуге үйретудің және сөйлеу тілін дамытудың кейбір тиімді жолдарын қарастыруға арналған. Ауызша сөйлеу — қатынас жасау процесінде адамның тіл амалдарын пайдалану арқылы пікір, ой білдіру әрекеті. Мектеп оқушыларының шетел тілінде сөйлеу тілін ойын ойнау, жұмбақ шешу, өлең айту, ребус-кроссворд шешу, бейнефильм көру және тағы басқа жолдар арқылы дамытуға болады. Ағылшын тілінде ауызша сөйлеуді меңгеруде мәтінмен жұмыстың да маңызы зор. Зерттеу барысында ауызекі сөйлесу тілін ұстарту жұмыстарының қатысымдық әрекет бағыты, оның ауызекі сөйлеу икемділіктері мен дағдыларын дамытудағы жүйесі нақтыланды. Тіл дамыту жұмысында жүргізілетін жаттығу жұмыстарының әдістемелік жүйесі жасалды.

Кілт сөздер: ауызша сөйлеу, сөйлеу тілі, тиімді жолдар, монолог, диалог, тіл амалдары, мәтінмен жұмыс, жаңа технологияларды қолдану.

Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «Шетел тілін оқытудың басты мақсаты — оқушыларға шетел тілінде қарым-қатынас жасауды базалық деңгейде игерту» деп көрсетілген [1]. Өйткені қазіргі нарық жағдайында шетел тілін, оның ішінде ағылшын тілін меңгеру, шетел тілінде сөйлей білу өмірдің өзекті мәселесіне айналды. Сондықтан өсіп келе жатқан ұрпаққа шетел тілін оқытуда әр түрлі әдістемелік жаңа тәсілдерді түрлендіре, күрделендіре түсу қажеттілігі туындап отыр.

Ағылшын тілі — әлемдегі тілдер арасынан көркемдігі мен бейнелілігі, тазалығы мен сөздік құрамының молдығы жөнінен дамыған тілдердің бірі. Ауызша сөйлеу адам арасындағы қарым-қатынасты атқарады. Ағылшын тілінде сөйлеуді үйрету үшін қолданылатын оқыту әдісінің мазмұны оқушының тілдік қарым-қатынаста жинаған білімінің, қалыптасқан дағдысының, игерген шеберлігінің жиынтығына байланысты. Сөйлеуге үйрету монолог және диалог түрінде жүзеге асырылады. Монолог және диалог түрінде сөйлеу іскерлігі, біліктілігі қарым-қатынас әрекетінің, ақпараттық, регулятивтік, әдептік және сезімдік-бақылау сияқты атқаратын қызметіне байланысты анықталады.

Негізгі орта білім деңгейіне арналған шетел тілі курсы жалпы орта білім деңгейінде оқыту дайындығына бағытталған, яғни ол шетел тілін меңгерудің жалпы еуропалық А1 деңгейіне сәйкестірілген.

Шетел тілі сабағында ойын, сұрақ-жауап, өлең сөздерін толықтыру, суретке қарап мәтін құру, карточкаларды қолдану арқылы ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыруға болады.

Зерттеу жұмысының негізгі дереккөздері — философия, психология, лингвистика, педагогикалық еңбектер, әдістемелік еңбектер, озат педагогтардың іс-тәжірибелері.

Зерттеу әдістері ретінде бақылау, мұғалімдердің жұмыс тәжірибесін зерттеу, талдау мен қорыту, сөйлеу тілін дамыту, оқушылардың ауызша жауаптары мен жазба жұмыстарын талдау әдістері пайдаланылды.

Кейінгі кезде мультимедиялық, гипермәтіндік, желілік және коммуникациялық ақпараттық технологиялардың пайда болуы шетел тілін тиімді оқыту үшін үлкен мүмкіндіктерге жол ашты. Мультимедиялық технологиялар мәтіндік құжаттарға, графикалық суреттер, дыбыс және бейне-көріністерін пайдалануға мүмкіндік береді [2].

Ағылшын тілі сабағында оқушылардың тілін дамыту, білім-білік дағдыларын қалыптастыру, сөйлеуге деген қызығушылығын, белсенділігін арттыру мақсатында қолданылатын әдістерге төмендегілерді жатқызуға болады:

